



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

SOCIAL  
DEVELOPMENT FUND



access

# IELTS, TOEFL

*тесттеріне дайындалуға арналған пайдалы  
кеңестер*



Нұр-Сұлтан қаласы  
2021 ж.

**Нұсқаулықты баспаға әзірлеген:**

Жоба жетекшісі: Құрманбай Г., Назарбаев Университетінің профессоры, Рухани жаңғыру мәдени орталығының директоры.

Жоба үйлестірушісі: Каламбаева Г., Назарбаев Университетінің Рухани жаңғыру мәдени орталығының аға менеджері.

1-Рецензент: Күдерина Қ.Б., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

2-Рецензент: Байтелиева Ж. Д., Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

**I54 IELTS, TOEFL тесттеріне дайындалуға арналған пайдалы кеңестер. – Нұр-Сұлтан: «Qaccess» әлеуметтік жобасы, – 2021ж. –40 бет.**

**ISBN 978-601-08-1427-1**

«Qaccess» жобасы қазақ тілінде білім алатын мектеп оқушыларына, қазақ тілінде сөйлейтін жастарға соның ішінде ауыл жастарына арналған ағылшын тілінің IELTS, TOEFL халықаралық емтихандары туралы анықтама беретін оқу құралдарын және дайындық материалдарын жасауды көздеген әлеуметтік жоба. Бұл әлеуметтік жоба Назарбаев Университетінің Әлеуметтік даму қорының қолдауымен SDF грантының негізінде іске асырылды.

Бұл нұсқаулық IELTS, TOEFL халықаралық емтихандарына дайындалуға пайдалы болып табылатын кеңестерді қамтиды. Нұсқаулықта емтихандардың әр бөліміне арналған кеңестер, стратегиялар, сұрақтарға дұрыс жауап берудің жолдары берілген. Нұсқаулықтың мазмұны Cambridge ESOL: Top Tips for IELTS Academic (Cambridge ESOL: академиялық IELTS үшін негізгі кеңестер), Macmillan: Tips for IELTS (Macmillan: IELTS тапсыру бойынша кеңестер), ETS: The Official Guide to the TOEFL (ETS: TOEFL ресми нұсқаулығы), Barron's Test Prep: TOEFL Strategies and Tips (Barron's тестке дайындалу: TOEFL стратегиялары мен кеңестері) халықаралық емтихандарына дайындалуға арналған материалдарынан алынды.

## Мазмұны:

IELTS емтиханына қалай дайындалу керек?.....	4
IELTS Тыңдалым (Listening) бөлімі.....	5
IELTS Академиялық Оқылым (Academic Reading) бөлімі.....	11
IELTS Академиялық Жазылым (Academic Writing) бөлімі.....	15
IELTS Айтылым бөлімі (Speaking).....	18
Емтихан күні не істеу керек?.....	20
TOEFL емтиханына арналған пайдалы кеңестер бөліміне кіріспе.....	21
TOEFL iBT Оқылым (Reading) бөліміне арналған кеңестер мен стратегиялар.....	22
TOEFL iBT Тыңдалым (Listening) бөліміне арналған кеңестер мен стратегиялар.....	26
TOEFL iBT Айтылым (Speaking) бөліміне арналған кеңестер мен стратегиялар.....	30
TOEFL iBT Жазылым (Writing) бөліміне арналған кеңестер мен стратегиялар.....	34

## **IELTS емтиханына қалай дайындалу керек?**

<sup>1</sup> IELTS емтиханына дайындалу үшін уақытты тиімді пайдалану өте маңызды. Ол үшін сізге көмектесетін төмендегідей бірнеше жалпы кеңестер бар.

### **Жоспар құру**

Тестке дейінгі дайындалудың соңғы айы үшін жоспар құру өте тиімді болып саналады. Ол үшін келесі сұрақтар туралы ойланып көріңіз:

- сізге не істеу керек;
- қанша уақытыңыз бар;
- сол уақытта не істеу керектігін қалай сәйкестендіруге болады.

Жоспар құрарда даындық жұмыстары күшіңізге сай болу керек. Егер тым көп тапсырманы жоспарлап, оның барлығын орындай алмаған жағдайда, өзіңізге деген сенімді жоғалтып алуыңыз мүмкін.

### **Тест бойынша нені білу қажет?**

Ағылшын тілінде мақала оқу немесе теледидар бағдарламаларын көру, сонымен қатар грамматикалық жаттығулар жасау секілді әрекеттеріңіз тілдік дағдыларыңызды жетілдіруге пайдалы болуы мүмкін. Алайда, тест кезінде нақты не істейтініңізді білу өте маңызды. Практикалық тесттерді орындау сізге емтиханның техникаларын жақсы дамытуға және емтихан бөлмесінде өзіңізді өте жақсы көрсетуге көмектесуі анық. Бірақ, барлық дайындыққа арналған уақытыңызды тек практикалық тесттерді жасауға жұмсамаңыз.

Қандай дағдыларды жақсарту керек екені туралы ойланыңыз. Егер IELTS-қа дайындық курсың өтіп жатқан болсаңыз, ағылшын тілі мұғаліміңізден тыңдалым, оқылым, жазылым немесе айтылым дағдылардың қайсысымен көбірек жұмыс істеу керек екенін сұраңыз.

### **Тестке дайындалуға не қажет болады?**

IELTS-қа дайындалу үшін сізге мыналар қажет болуы мүмкін:

- сөздік (сөздердің шын мәнінде ағылшын тілінде қалай қолданылатынын қамтитын мысалдармен)
- бірнеше практикалық тесттер
- IELTS-қа дайындық кітабы
- жақсы грамматикалық кітаптар
- сөздік жазба дәптер
- жазбалар немесе ағылшын курсыңыздан (қатысып жатқан жағдайда) материалдар
- екітілді сөздік.

Ғаламтор сізге қолжетімді болса, сөздіктер және IELTS тест материалдарының үлгілері сияқты жоғарыда аталғандардың кейбірін онлайн табуыңызға болады ([www.ielts.org](http://www.ielts.org) және [www.CambridgeESOL.org](http://www.CambridgeESOL.org) сайттарын көріңіз). Кейбір студенттер білмейтін сөздерін карточкаларға жазып алғанды ыңғайлы санайды, өйткені оларды өзімен бірге алып жүріп, автобуста немесе басқа жерлерде бос уақытта қарап қайталауға болады.

- Дайындалытын уақыт пен орынды анықтау

Көп адамдар тұрақты уақытта жарық жақсы түсетін және барлық қажетті заттар бірге орналасқан үстелде оқуды ең тиімді әдіс ретінде көреді. Кейбір адамдар таңертең оқығанды жөн көрсе, кейбірі кешке оқығанды ұнатады. Мүмкіндік болса, дайындықты күннің сізге ыңғайлы уақытында жоспарлаңыз.

---

1. Top Tips for IELTS Academic, Produced by Cambridge ESOL in collaboration with the British Council, 2009, pp. 8-15

Алайда, басқа да ыңғайлы уақыт және орындар болуы мүмкін. Ағылшынша кей жазбаларды mp3-плеерде басқа әрекеттермен айналысып отырған кезіңізде тыңдауыңызға болады. Немесе, жұмыс/оқу орныңызға бара жатқан жолда тыңдап/оқып дайындалуыңызға болады.

Дайындық уақытын мұқият ұйымдастыру тестке дайындалу барысында маңызды. Дайындалу кезінде үзілістерге уақыт бөліңіз, мысалы, көп студенттер 1,5 сағат дайындалады, жарты сағат үзіліс жасағанды мақұл көреді. Кейде тыңдалымға, кейде сөздік қорға, кейде жазылымға назар аударып, дайындық бойынша әрекеттерді алмастырып тұру қажет. Осылайша тілдің әр аспектісін қамтитыныңызға сенімді боласыз және үйренуіңіз одан сайын қызықтырақ бола түседі. Ұйқыға жатар алдында серуендеу, тынышталдыратын кітап немесе сүйікті фильміңізді көру сияқты мүлдем басқа іспен айналысқаныңыз да жақсы әсерін тигізуі мүмкін.

### **Тестке дайындалуды жағымды әдетке айналдыру**

Ағылшын тілін жақсартатын қызықты әрекеттермен айналысыңыз, мысалы, ағылшын тіліндегі әндерді тыңдау, теледидар бағдарламаларын көру, әдетте, осылар тыңдалым және айтылым дағдыларыңызды дамытуға көмектеседі, сонымен қатар сөздік қорыңызды кеңейте алады. Бос уақытыңызда ағылшын тілін жаттықтырумен біріктіруіңізге болады. Мысалы, нақты бір спорт немесе әншіні ұнатсаңыз, немесе жаңалықтар не компьютер ойындарына қызықсаңыз, осылар туралы ақпаратты ғаламтордан ағылшын тілінде оқи аласыз. Достарыңызбен бірге дайындалыңыз: олармен ағылшын тілінде сөйлесіп, жаттыға аласыз және туындаған сұрақтармен бір-біріңізге көмектесе алуыңыз мүмкін.

### **Денсаулыққа назар аудару**

Деніңіздің сау екенін сезіну жақсы баға алуға септігін тигізетінін де ұмытпаңыз:

- жеткілікті ұйықтағаныңызға көз жеткізіңіз
- жақсы тамақтануды ұмытпаңыз
- жаттығу жасап тұрыңыз.

Келесі бөлімдерде IELTS-тың әр бөліміне дайындалуға көмектесетін кеңестер және жолдармен таныс боласыз.

### **IELTS Тыңдалым (Listening) бөліміне арналған кеңестер<sup>1</sup>**

Ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттерден алыс болсаңыз да, IELTS Тыңдалым бөліміне практика жасауға мүмкіндік беретін көп дереккөздер бар. Солардың арасында:

- Ағылшын тілді университеттердің парақшаларында студенттер немесе профессорлардың сол оқу орнындағы білім беру тәжірибесі туралы әңгімелерін тыңдауға мүмкіндік беретін сілтемелер арқылы видеоларды көре аласыз.
- BBC ([www.bbc.co.uk/iplayer](http://www.bbc.co.uk/iplayer)), PBS ([www.pbs.org](http://www.pbs.org)) және Australian Broadcasting Corporation ([www.abc.net](http://www.abc.net)) сияқты ұлттық қоғамдық хабар тарату ұйымдарының веб-сайттарында IELTS-қа қатысты тақырыптарда теле- және радиобағдарламаларды таба аласыз. Бұлардың кейбіріне әлемнің қай нүктесінде болсаңыз да қол жеткізе аласыз. Бірақ, кейбір бағдарламалар хабар таратушының негізі қаланған елде тұрып жатқан адамдарға ғана қол жетімді.
- Өзіңіз барғыңыз келетін елге арналған туристік ақпарат веб-сайтын табыңыз - мұндай веб-сайттарда пайдалы тыңдалым материалдарын қамтитын видеолар жиі болады.
- Көптеген кітапханалар мен мұражайларда да пайдалы тыңдалым практикаларын ұсынатын видео материалдары бар веб-сайттар бар.

1. Top Tips for IELTS Academic, Produced by Cambridge ESOL in collaboration with the British Council, 2009, p. 11

- YouTube (www.youtube.com) желісінде қызықты аудио жазбаларды іздеңіз – “lecture”, “tutorial”, “study skills” немесе “lab reports” сияқты кілттік сөздерді пайдаланыңыз. Сонда практикаңызға көмектесетін клиптардың біршамасын таба аласыз.

Тыңдалым модулі шамамен 30 минутқа созылады. Төрт жеке бөлімнен тұрады. Әр бөлімді бір рет қана тыңдайсыз. Әр бөлімде 10 сұрақ бар.

<sup>1</sup>Бұл бөлімде төмендегідей сұрақ түрлері кездеседі:

multiple choice.	бірнеше таңдау
table completion	кестені толтыру
matching	сәйкестендіру
sentence completion	сөйлемді аяқтау
plan, map, diagram labelling	жоспар, карта, диаграмманы белгілеу
short-answer questions	қысқа жауапты сұрақтар
note completion	жазбаларды толтыру
summary completion	қысқаша мазмұндамаларды толтыру
form completion	форманы толтыру
flow-chart completion	сызбанұсқаны толтыру

Осындай сұрақтардың кез-келген түрі кез-келген бөлімде келуі мүмкін, алайда, тыңдалым бөлімінде барлық сұрақ түрлері келмейді.

**Тыңдалымдағы сұрақ түрлеріне арналған кеңестер**

**Multiple choice/бірнеше таңдау сұрақтарына арналған кеңестер:**

- Нұсқадағы бір сөзді естігендіктен, сол нұсқаны таңдай салмаңыз. Айтылған әңгіменің толық мағынасы туралы ойланыңыз.
- Кейде бірнеше таңдау сұрағында сөйлемнің екінші жартысын берілген нұсқалардың біреуімен толықтыруыңыз қажет болады. Егер сөйлемнің бірінші жартысын сұраққа айналдырсаңыз, дұрыс жауапты таңдау көбінесе оңай болады.
- Тыңдалым кезінде тізімдегі нұсқалардың бәріне сілтеме естисіз, бірақ олардың кейбіреуі берілген сұраққа дұрыс жауап болмайды.
- Жауапты таңдамас бұрын дұрыс нұсқаларды таңдап жатқаныңызға сенімді болу үшін сөйлеушінің барлық айтқан сөзін тыңдаңыз.
- Жауап ретінде сәйкес келмейтін тыңдалған әр нұсқаңызды сызып отыру пайдалы болуы мүмкін.

**Matching/сәйкестендіру сұрақтарына арналған кеңестер:**

- Нөмірленген элементтер сіз естіген рет бойынша кездеседі, бірақ A–F нұсқалары олай емес. Тыңдалым басталмас бұрын барлық нұсқаларды оқып шығыңыз.
- Сізге дұрыс жауабын беретін сіз естіген сөздер парақтағы сөздермен бірдей болмауы мүмкін. Екінші жағынан, берілген нұсқалардың біреуінің ішіндегі нақты бір сөзді аудио жазбадан естуіңіз мүмкін, бірақ бұл сол нұсқаның міндетті түрде дұрыс жауап екенін білдірмейді.
- Кейде C–нұсқасы A– мен B– нұсқаларының қосындысы болуы мүмкін. Сондықтан, жауапты белгілемес бұрын сізге қажетті барлық ақпаратты күтіп, тыңдап алыңыз.



### **Plan, map, diagram labelling/ жоспар, карта, диаграмманы белгілеу сұрақтарына арналған кеңестер:**

- Бастапқы бөлігін мұқият тыңдаңыз – сұрақтарға жауап алу үшін дұрыс жерден бастауыңыз керек.
- Тыңдалым басталар алдындағы паузаны спикердің карта немесе диаграмманы сипаттауға қолдануы мүмкін сөздері туралы ойлануға қолданыңыз.

### **Note completion/жазбаларды толтыру сұрақтарына арналған кеңес:**

- Әңгіменің құрылымын көрсететін сөздерді («first», «next», «finally» деген сияқты сөздер) тыңдаңыз, себебі бұлар парақтағы жазбалар бойынша сізді бағыттап отыруға көмектеседі.

### **Form completion/формаларды толтыру сұрақтарына арналған кеңестер:**

- Ағылшын тіліндегі әріптер мен сіз жиі шатастыратын дыбыстармен толық таныс болыңыз. Бұл тапсырма көбінесе сізден әріптеп айтылған сөздерді жазуды сұрайды.
- Анықтама және пошта нөмірлері әдетте әріптерді де, сандарды да қамтиды және олар формаларды толтыру тапсырмаларында жиі сұралады.

### **Table completion/кестені толтыру сұрақтарына арналған кеңес:**

- Мұқият тыңдаңыз – аудио жазба бос орынға сәйкес келетін, бірақ дұрыс жауап болып табылмайтын ақпаратты қамтуы мүмкін.

### **Sentence completion/сөйлемді аяқтау сұрақтарына арналған кеңес:**

- Сіздің жазып отырғаныңыз сөйлемдегі басқа сөздермен грамматикалық түрде сәйкес келетініне және дұрыс жазылып тұрғанына назар аударыңыз.

### **Short-answer questions/қысқа жауапты сұрақтар сұрақтарына арналған кеңестер:**

- Аудиожазда сіз қажет етіп тұрған нақты сөз немесе бірнеше сөздерді естисіз. Оларды өзгертудің қажеті жоқ.
- Сізден сұралып тұрған сөз санынан артық сөз жазбаңыз – автоматты түрде ұпай жоғалтасыз.

### **Summary completion/қысқаша мазмұндаманы толтыру сұрақтарына арналған кеңестер:**

- Жауаптарыңыздың тыңдалған ақпаратыңызға грамматикалық түрде және мағынасына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Аудиожазба басталмас бұрын алдымен қысқаша мазмұндаманы түгел оқып шыққаныңыз абзал.

### **Flow-chart completion/схема, сызбанұсқаны толтыру сұрақтарына арналған кеңестер:**

- Сіз өз біліміңізге сүйене отырып, жауапты болжауыңыз мүмкін, бірақ бұл жерде сөйлеушінің ғана айтатын сөзі маңызды және ол сіздің болжамыңыздан басқаша болуы мүмкін.

### **Тыңдалымға арналған жалпы кеңестер:**

- Аудио жазбаларды бір рет қана тыңдайсыз, сондықтан жауаптарды бірден естіген кезде белгілеңіз.
- Әр бөлімге кіріспені мұқият тыңдаңыз және сөйлеушілер не туралы айтатыны жайлы елестетіп көріңіз. Бұл сізге жағдай мен сөйлеушілер туралы пайдалы ақпарат береді.
- Шын тестте тапсырмаға алдын-ала қарау үшін сізге әр бөлімнің басында уақыт беріледі. Осы уақытты сұрақтарды оқып, тақырыптар туралы ойлануға тиімді жұмсаңыз.
- Сұрақтардың реті әрқашан аудио жазбаның ретімен сәйкес келеді. Бір сұрақты жіберіп алсаңыз, қобалжымаңыз – алға қарап, келесі сұрақ туралы ойланыңыз.
- Жауаптарыңызды жауап парақшасына көшіру кезінде анық жазыңыз.
- Жауаптарыңызды жауап парақшасына көшіру кезінде сұрақ парақшасындағы қосымша сөздерді көшірмеңіз.
- Сұрақты оқып отырған кезде мағынасы бірдей болатын сөздерді тыңдауды назарда ұстаған дұрыс.
- Сөйлеушінің интонациясын, яғни сөйлеу мәнерін тыңдаңыз, себебі бұл сізге сөйлемнің позитивті немесе негативті мағынада айтылып тұрғанын түсінуге көмектеседі.
- Тыңдауға қажет сөздерге (немесе мағыналас сөздерге) аса назар аударуға көмектесетін сұрақтағы кілттік сөздердің астын сызып қойғаныңыз жөн.

### **Маңызды ережелер:<sup>1</sup>**

- Емтиханның тыңдалым модулі тыңдау, оқу, есту және жазу дағдыларын қамтығандықтан, олардың барлығын бірдей қолдануды үйреніңіз.
- Ұйымдастырушылық пен болжау дағдыларыңызды және зейін қоюды дамытыңыз.
- Көптеген акценттерді тыңдап жаттығыңыз.
- Назарыңызды бір сұраққа аудара отырып, келесісіне дайын болыңыз. Уақытыңыз болса келесі тапсырмаларға қараңыз.
- Аудиожазбадағы нұсқаулықтарды тыңдаңыз. Жалпы көмектесетін кеңес әдетте беріледі.

### **Дағдыларды дамыту**

#### **Ұйымдастырушылық дағдыны қолдану:**

- Тыңдалымның жалпы идеясын түсіну үшін сұрақтарға көз жүгіртіп шығыңыз (skimming) және кілттік сөздерді жазып алып отырыңыз.
- Сұрақтардың тілдік құрылымымен қоса ұйымдасуын қарап шығыңыз.
- Сұрақтар, сөздер немесе грамматика, және т.б.-дағы ортақ үлгілерді біліңіз.
- Кез келген:
  - тақырыпшалар;
  - жазбалардағы қою қара түспен берілген сөздер;
  - бағандардағы тақырыптар туралы жазбаларды жазып алып отырыңыз.

#### **Назар қойып жазу:**

- Бүкіл емтихан бойы назарыңызды емтиханға салыңыз. Егер босаңсып қалсаңыз, айтылғаннан қорқып, тыңдамай қаласыз.
- Назар аудара отырып жауаптарды жазыңыз. Егер сіз аудиожазбаны тыңдамасаңыз, диалогтың тақырыбын жіберіп алуыңыз мүмкін.

1. Tips for IELTS by Sam McCarter, 2006, pp. 42-45



- Назарыңызды аударып, зейін қоюға көмектесу үшін ұйымдастырушылық дағдыларыңыз бен болжамды қолданыңыз.
- Аудиожазба бойына сізді бағыттайтын сұрақтарды қолданыңыз.
- Ақпаратты радиодан естуге машықтаныңыз, содан кейін оны саналы түрде тыңдаңыз, сонда сіз назар қоюды үйренесіз.
- Жауаптар әдетте қарапайым және тура болып келеді. Ерекше ештеңе күтпеңіз.

#### **Уақытты басқару:**

- Уақытыңызды тиімді пайдаланыңыз.
- Егер отыз секундтық паузалар болса, оларды сұрақтарға көз жүгіртіп шығуға (skimming) және зейін қойып мұқият қарап шығуға (scanning) немесе жауаптарыңызды тексеруге пайдаланыңыз.
- Егер сіз өзіңіздің жауаптарыңызға сенімді болсаңыз, тексеру уақытын келесі сұрақтарды қарау үшін пайдаланыңыз.
- Тыңдай отырып, жауап беру арасындағы уақытты келесі сұрақтарды алдын ала қарау үшін пайдаланыңыз.

#### **Тез және тиімді болу:**

- Бөлімдер арасындағы дағдыларды қажет болғанда автоматты түрде өзгертіңіз және тез шешім қабылдай біліңіз. Бұл сіздің жылдамдығыңыз бен тиімділігіңізді арттырады.
- Мәтінді жылдам және мұқият қарап шығыңыз (skim and scan).
- Егер сіз сұрақты жіберіп алсаңыз, оны қалдырып, келесіне өтіңіз. Бүкіл бөлімнен гөрі бір сұрақты жіберіп алған жақсырақ.

#### **Жауап парағын толтыру:**

- Тыңдалым соңында берілетін он минутты жауаптарды толығымен жауап парақшасына көшіру үшін пайдаланыңыз.
- Уақытты тиімді және ұтымды пайдаланыңыз.
- Ол жерде тестті аяқтағаныңызға қуанып, бір сөзді қалдырып кеткеніңізді есіңізге түсіруіңіз мүмкін. Сондықтан, мүмкін болған соңғы сәтке дейін тексеріңіз.
- Жауап парағын толтыру үшін қарындашты қолданыңыз және жауап үшін арналған бос орыннан тыс жерге жазбаңыз.
- Қарапайым жауаптардан абай болыңыз, себебі бұл жерде көптеген қателіктер жіберіледі. Әдетте, біз қиынырақ сұрақтарға көбірек назар аударып, жеңіл сұрақтарға жеңіл қараймыз.
- Тест кезінде, әсіресе, жауаптарды көшіргенде назарыңызды сақтаңыз.
- Жауаптарды жауап парақшасына көшіру кезінде сөздерді құр көшіріп отырмай, ойланып көшіріңіз. Әрқашан уақытты назарыңызда ұстаңыз.
- Жауаптар өте қарапайым болып көрінсе де, оларды көшіру кезінде өте абай болыңыз, себебі абайсызда қателесу оңай.
- Орфографияны (сөздің жазылуы), грамматиканы және сөз шегін тексеріңіз.
- Сөздерді сұрақ парақшасындағы сұрақтардан қайталамағаныңызға көз жеткізіңіз.
- Жауаптардың дұрыс орында екеніне көз жеткізіңіз. Оларды жазған кезде концентрация ұстаңыз; ойланбастан көшіріп алмаңыз.
- Есіңізде болсын, бір қате ұпай сіздің жалпы бағаңызға әсер етуі мүмкін.
- Парақшаны толтырғаннан кейін, бәрін тездетіп тексеріңіз немесе, ең болмағанда, тез қарап шығыңыз.

- Бірнеше таңдауы бар сұрақ жауаптарының реттілігін тексеріп, ретімен тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Жауаптарды өзгертуге абай болыңыз, кез келген жауапты сұрақ кітапшасындағы ақпарат бойынша тексеріңіз.
- Егер осы кезеңде жауап берілмей қалған тұстар болса, әсіресе бірнеше таңдауы бар сұрақтар немесе әріптер болса, болжай алмасаңыз, жауапты шамамен таңдаңыз.

## IELTS Академиялық Оқылым (Academic Reading) бөлімі

Тестке дейін қаншалықты көп оқысаңыз, соншалықты жақсы нәтиже көрсетеңіз. Оқу, сондай-ақ, сөздік қорыңыз бен грамматикаңызды жетілдірудің өте жақсы жолы және бұл сіздің өз жазылым дағдыңызға да көмектесуі мүмкін. Академиялық Оқылым бөлімінде сіз негізінен академиялық мазмұнға ие нақты немесе әр түрлі тақырыптарды бірден қамтитын дискурсивті мәтіндерді оқуыңызға тура келеді. Сондықтан, осындай мәтіндердің біразын оқып дайындалған абзал. Сапалы газеттер мен журналдардан академиялық тақырыптарға (мысалы, ғылым, гуманитарлық ғылымдар, экономика, қазіргі заманда болып жатқан оқиғалар, әлеуметтану) негізделген мақалаларды іздеңіз.

- Осы аталған мәтіндерді әртүрлі ақпарат көздерінен оқитыныңызға сенімді болыңыз – барлығының мысалдарын электронды түрімен қатар басып шығарылған түрінде де оңай таба аласыз.
- Қызыға оқу өте маңызды, сондықтан, сізге қызықты болатын тақырыптарды үнемі оқып жүріңіз – романдар, спорттық баяндамалар немесе журналдар IELTS-та кездеспеуі мүмкін, бірақ оларды оқу тілдік біліміңізді тиімді түрде дамытуға үлкен көмегін тигізеді.
- Күнделік арнаңыз – онда не оқығаныңыз туралы ағылшын тілінде 1–2 сөйлем жазып отырыңыз. Бұл сіз оқыған кейбір сөздер мен сөз тіркестерін, фразаларды жаттауға және IELTS Writing (Жазылым) бөлімінде де көмектеседі.
- Оқығаныңызбен досыңызбен бөлісіңіз.
- Оқып отырған кезіңізде мағынасын түсінбеген әрбір сөзді іздемеңіз. Тек мәтіннің жалпы ойын түсіну үшін маңызды боп көрінетін сөздерді аударыңыз. Оқып бітірген кезде, қаласаңыз, қайтадан оралып, аса маңызды емес сөздердің мағыналарын іздеп көруіңізге болады.

Оқуға арналған мәтін түрлері:

- рецензияланған оқу материалдары мен журналдар;
- өз тіліңізде оқыған кітаптардың аудармалары;
- өз еліңіз немесе өзіңіз болған жерлер туралы саяхат ақпараттары;
- газет мақалалары;
- әндер, фильм немесе кітап туралы пікірлер.

IELTS Academic Reading бөліміне сәйкес келетін оқылым материалдарының басқа да материалдар:

- оқулықтар;
- сізді қызықтыратын тақырыптарға энциклопедиялық жазбалар;
- академиялық сөздікке негізделген тіл үйренуге арналған материалдар.

Оқылым бөлімінде 3 мәтін және 40 сұрақ беріледі.

Бөлімде кездесетін сұрақтардың түрлері:

multiple choice	бірнеше таңдау
sentence completion	сөйлемді аяқтау
identifying information	ақпаратты анықтау
summary completion	қысқаша мазмұндау (қорытындылау)
identifying writer's views/claims	жазушының көзқарастарын/ пайымдарын анықтау

note completion	жазбаны толтыру
matching information	ақпаратты сәйкестендіру
table completion	кестені толтыру
matching headings	тақырыптарды сәйкестендіру
flow-chart completion	схема, сызбанұсқаларды толтыру
matching features	сипаттамаларды (features) сәйкестендіру
diagram label completion	диаграмма белгілерін толтыру
matching sentence endings	сөйлемнің аяқталуын сәйкестендіру
short-answer questions	қысқа жауап беретін сұрақтар

Бұл сұрақтардың кез келген түрі кез келген бөлімде кездесуі мүмкін. Бір академиялық оқу тестінде сұрақтардың барлық түрлері болмайды.

#### **Multiple choice/бірнеше таңдау сұрақтарына арналған кеңестер:**

- Мәтіннің дұрыс бөлігін табуға көмектесу үшін сұрақтағы тірек (кілттік) сөздерді қолданыңыз. Бұл бөлімді толық оқып шығыңыз және барлық төрт нұсқаны қарастырыңыз.
- Сұрақтарда «жазушының пікірінше» деген сияқты фразаларға назар аударыңыз, себебі мәтін бірнеше әртүрлі көзқарастарды қамтуы мүмкін.
- Мәтіннің керекті маңызды бөлігін соңына дейін оқыңыз, себебі нұсқалар мәтіндегідей тәртіпте болмайды.

#### **Identifying information/ақпаратты анықтау сұрақтарына арналған кеңес:**

- Есіңізде болсын, мәлімдемелер мәтіндегідей дәл айтылмайды, сондықтан мәлімдемедегі тірек сөздерді іздеп, мәтіннен ұқсас сөздерді немесе сөз тіркестерін табыңыз.

#### **Identifying writer's views/claims/жазушының көзқарастарын/пайымдарын анықтау сұрақтарына арналған кеңес:**

- Есіңізде болсын, “Жоқ” сөзі мәлімдеменің жазушының пікіріне қайшы келетінін білдіреді, сондықтан бұл дұрыс бола алмайды. «Берілмеген» деген сөз бұл мәтінде автордың пікірі туралы ақпарат жоқ екенін білдіреді, сондықтан бұл мәлімдеме шындық болуы да, болмауы да мүмкін.

#### **Matching headings/тақырыптарды сәйкестендіру сұрақтарына арналған кеңес:**

- Басында бір параграфқа бірнеше тақырып сәйкес келетін сияқты көрінуі мүмкін. Параграфты түгел оқығаннан кейін әр тақырыпты оқып, параграфтың негізгі ойын қайсысы жақсы қорытындылайтынын таңдаңыз.

#### **Matching features/сипаттамаларды/ерекшеліктерді сәйкестендіру сұрақтарына арналған кеңестер:**

- Мәтіннен сұрақтарда немесе нұсқаларда берілген есімдердің, атаулардың, күндердің, сандардың және т.б. астын сызыңыз, осылайша оларды тез табуға болады.
- Есімдер, атаулар мен күндер бірнеше рет пайда болуы мүмкін, сондықтан мәтіннің барлық тиісті бөліктерін оқығаныңызға көз жеткізіңіз.

#### **Summary completion/қысқаша мазмұндаманы толтыру сұрақтарына арналған кеңес:**

- Тапсырмадағы сөздер мен сөз тіркестері мәтіндегідей болады деп күтпеңіз. Олар мағынасы ұқсас сөздер немесе басқа формадағы сол сөз болуы мүмкін, сондықтан мәтінді де, қысқа мазмұндаманы да мұқият оқып шығыңыз.

**Note completion жазбаны толтыру сұрақтарына арналған кеңес:**

- Тек жетіспейтін сөздерді жазыңыз және бос орынның екі жағындағы сөздерді қайталамағаныңызға көз жеткізіңіз

**Sentence completion/сөйлемді аяқтау сұрақтарына арналған кеңес:**

- Мәтіндегі сөздерді мәтінде жазылғандай қолданғаныңызға және олардың сөйлемдерге грамматикалық тұрғыдан сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

**Table completion/кестені толтыру сұрақтарына арналған кеңес:**

- Мәтіннен табуыңыз керек сөз түрін болжауға көмектесу үшін кестедегі ақпаратты пайдаланыңыз. Жауаптар мәтіннің реттілігімен сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ олар әдетте мәтіннің сол бөлігінде болады.

**Short-answer questions/қысқа жауап беретін сұрақтар сұрақтарына арналған кеңестер:**

- Сөздердің дұрыс көшірілгеніне көз жеткізіңіз және оларды мәтінде қалай жазылса, солай жазыңыз.
- Сұрақтар мен жауаптар мәтіннің реті бойынша жүреді.

**Оқылымға арналған жалпы кеңестер:**

- Әр тапсырма бойынша, әсіресе сөздердің максималды санына қатысты нұсқауларды, мұқият оқып шығып, оларды орындағаныңызға көз жеткізіңіз.
- Мәтінді тез оқып, көз жүгіртіп шығыңыз, сонда сіз тақырып пен оның мәтінде қалай өрбігенін біліп отырасыз, бірақ егер әр сөзді түсінбей жатсаңыз, алаңдамаңыз.
- Сіз сұрақ парақшасына жаза аласыз, бірақ жауаптарыңызды 60 минут ішінде жауап парағына көшіруіңіз керек, сондықтан оған уақыт бөліңіз.
- Есіңізде болсын, әр сұраққа сізге бір ұпай беріледі.
- Кез келген бір сұраққа тым көп уақыт жұмсамаңыз. Келесі сұраққа көшіп, уақытыңыз болса, қайтып келіңіз.
- Егер мәтінде арнайы немесе техникалық терминдер болса, онда мәтіннің астында қарапайым сөздік беріледі. Оларды оқуды ұмытпаңыз.

**Маңызды ережелер:<sup>1</sup>**

- Сұрақтарға тез әрі нақты жауап беріңіз. Егер сіз сұраққа тез жауап бере алмасаңыз, оны қалдырып, кейінірек оған қайта оралыңыз.
- Мәтіндер (passages) ұзын болғандықтан, оларды егжей-тегжейлі оқудың қажеті жоқ. Тиісті ақпаратты табу үшін оларға көз жүгіртіп оқыңыз (skimming and scanning).
- Мәтіндер мен тапсырмалардың деңгейі күрделене береді. Сондықтан қиын сұрақтарға көбірек уақыт бөліп, бірінші тапсырмалардағы сұрақтарды мүмкіндігінше тезірек орындаңыз.
- Сізде әр сұраққа шамамен бір жарым минут болады.
- Егер сіз жеті сұрақтың үшеуін ғана жасай алсаңыз, қобалжымаңыз. Оларды қайта қарап шығыңыз.
- Бір мәтінді аяқтаған кезде, жауаптарыңызды тексеріп, қалып қойған бос орындарды толтыруға тырысыңыз.
- Сұрақтар реті әдетте мәтіндегі ақпарат ретіне сәйкес келеді. Алайда, бір бөлімдегі сұрақтар басқа бөліммен бірігіп, шатастырылуы мүмкін.
- Сұрақтар әдетте мәтіннің парафразалары (мағыналас сөздер) болып табылады, сондықтан мәтіннен нақты сөздерді емес, мағынаны іздеңіз.



### **Жылдамдығыңызды арттыратын әдістер:**

Келесі әдістерді бөлек пайдалануды, автоматты түрде ауысуды және бір уақытта бірнешеуін қолдануды үйреніңіз:

- Скимминг (Skimming). Жалпы ақпарат алу үшін мәтінге көз жүгіртіп оқып шығыңыз. Нақты детальдар емес, жалпы ақпарат туралы ойланыңыз. Сөздердің астын сызбаңыз.
- Сканинг (Scanning). Тек нақты мәліметтерді/детальдарды іздеңіз; мәтіннің мағынасына назар аудармаңыз. Егер сіз оқи бастасаңыз, немесе көз жүгіртіп оқысаңыз, сөзіңізді табу қиынға соғады.
- Мәтінге көз жүгіртіп оқып, мағынасына қарау үшін белгілі бір нүктелерге тоқтаңыз. Мәтін бойынша сізге бағыт беретін сұрақтарды пайдаланыңыз.
- Мәтінді көз жүгіртіп оқып, нақты мәліметтерге тоқталыңыз. Сіздің назарыңыз белгілі бір ақпаратты іздеуге бағытталғандықтан, сіздің көзіңіз мәтінді табиғи түрде аударады және сізді баяулатпайды. Өзіңізге сенімді болу үшін практикалық тесттерді жасау керек.

### **Жауап парағын толтыру:**

- Жауап парағын мұқият толтырыңыз. Қарындаш қолданыңыз.
- Жауаптарыңызды жауап парағына ретімен толтырыңыз.
- Жауаптарды түсінікті, анық жазыңыз. Нұсқаулықта қанша сөз жазу сұралды, сол саннан артық жазбаңыз.
- Дұрыс орынға, сыртына шығармай жазыңыз.
- Сөздердің дұрыс жазылуын, әсіресе, жиі кездесетін сөздерді тексеріңіз және сөз шегін сақтаңыз.
- Сұрақта берілген сөздерді көшірмеңіз. Жауап қате болып белгіленеді.
- Аяқтаған кезде жауаптарды тексеріп шығыңыз. Тексеру үшін кейбір жауаптарды таңдаңыз немесе оларды соңғысынан бастап тексеріңіз. Грамматиканың дұрыстығына көз жеткізу үшін сұрақтарға берген жауаптарыңызды тексеріңіз.

## **IELTS Академиялық Жазылым (Academic Writing) бөлімі**

Академиялық Жазылым бөлімінде сіз график немесе басқа визуалды материалды сипаттауыңыз және түсіндіруіңіз (1-тапсырма) және берілген тақырыпқа байланысты өз пікіріңізді білдіре отырып эссе жазуыңыз керек (2-тапсырма).

Емтихан типіндегі тапсырмаларға жауаптарыңызды жазу арқылы үнемі практика жасап тұрыңыз – егер мүмкіндік болса, мұғаліміңізден немесе басқа да ағылшын тілінде жақсы сөйлейтін адамнан жұмысыңызды тексеріп беруін сұраңыз. Олардың берген пікірлеріне назарыңызды аударып, келесі жазбаша тапсырмаңызды сол арқылы жақсартуға тырысыңыз.

Жазған эссеңіздің құрылымы туралы ойланып, алдымен жоспар құрыңыз. Жазба жұмысыңызда өзіңіз үйренген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға мән беріңіз – қажет болса, сол сөздердің қолданған мысалдарды қарап шығыңыз. Жазба жұмысыңыз мүмкіндігінше ұқыпты әрі дұрыс болуы үшін оны мұқият тексеруге жаттығыңыз – әсіресе, жиі жасалып тұрған қателік түрлерін іздеңіз (мысалы, етістіктерді дұрыс қою, көмекші сөздерге (prepositions) немесе артикльдерге байланысты қателер).

Жазылым бөлімі екі тапсырмадан тұрады:

1-тапсырмада сіз графикте/кестеде/диаграммада берілген ақпаратты сипаттап, оны өз сөзіңізбен жазуыңыз керек. Ақпарат деректер, процестің кезеңдері, бір үдерістің қалай жұмыс істейтіні туралы немесе сізге объектіні не оқиғаны сипаттау қажет болуы мүмкін. Сіз кем дегенде 150 сөз жазуыңыз керек.

2-тапсырмада сіз көзқарас, аргумент немесе мәселе ретінде ұсынылған тақырыпқа жауап ретінде шағын эссе жазуыңыз керек. Кем дегенде 250 сөз жазу керек. 2-тапсырмаға 1-тапсырмадан екі есе көп ұпай беріледі.

### **Жазылымның 1 -тапсырмасына арналған кеңестер:**

- Графикті, кестені немесе диаграмманы сипаттайтын эссеңізге не қосу керектігі туралы мұқият ойлаңыз. Ақпараттың әр деталін сипаттамаңыз. Жазу үшін ең маңызды және қызықты ерекшеліктерді таңдаңыз.
- Сипаттаманы фигураларды қолданып жазыңыз, бірақ әр санды дәл көрсетудің қажеті жоқ. Оларды сіз «over», «about» және «around» деген сияқты сөздерді қолдана отырып, шамамен келтіруіңізге болады.
- Заттарды салыстыру үшін – “more than”, “greater than” және т.б. сөздерді қолданыңыз. Бұл диаграммалар, графиктер мен кестелер түріндегі фигураларды салыстыруға көмектеседі.
- Кейде процесті көрсететін диаграмманы сипаттауға тура келеді. Бұл туралы жазбастан бұрын процестің барлық кезеңдерін анықтап алыңыз.
- Егер диаграмма немесе графикте күрделі техникалық сөздер болса, олар түсіндіріледі.
- Сипаттамада процестің реттілігін көрсететін сөздерді қолданыңыз.

### **Жазылымның 2 -тапсырмасына арналған кеңестер:**

- Сұрақты талдаңыз. Сіздің көзқарасыңыздың қандай екені туралы мұқият ойланыңыз.
- Өз позицияңызды таңдап, содан кейін жазбалар жасап, параграфтарға бөліп эссе құрылымын жоспарлаңыз. Әр параграфта (абзацта) нақты фокус бар екеніне көз жеткізіңіз.

- Сіздің пікіріңізді растайтын мысалдарды қосыңыз.
- Эссеңізді дұрыстауға және тексеруге жеткілікті уақыт қалдырыңыз. Маңыздысы – грамматика мен сөздердің дұрыс жазылғанына (spelling) көз жеткізіңіз, себебі шектеулі уақыт ішінде қате жіберу оңай.

### **Жазылымға арналған жалпы кеңестер:**

- Жауаптарыңыздың сұраққа сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Идеяларыңызды байланыстырып, жүйелеп реттеу үшін байланыстыратын сөздерді (linking words) қолданыңыз.
- Ағылшын тіліндегі білім деңгейіңізді көрсететін сөздік қорын қолданыңыз.
- 1-тапсырмада сіз жазған ақпарат диаграмманы/кестені/графикті дәл көрсететініне көз жеткізіңіз.
- 2-тапсырмада өз көзқарасыңызды нақты жеткізгеніңізге және оны тиімді қорғайтыныңызға көз жеткізіңіз.
- Жұмысыңызды тексеріңіз. Сізде, мысалы, артикльдерді қалдыру сияқты жиі жіберетін нақты қателіктер болса, яғни әдетте жіберетін қателіктеріңізді біліңіз және оларды болдырмас үшін өз жұмысыңызды мұқият тексеріңіз.

### **1-тапсырманың маңызды ережелері:<sup>1</sup>**

- Алдымен 1-тапсырманы орындаңыз. Психологиялық тұрғыдан алғанда, бұл сізге оны аяқтағаннан кейін жетістік сезімін береді.
- Жазу процесінің жалпы ерекшелігі – өзін-өзі танытуға деген ұмтылыс. Қысқа тапсырманы жазылым тапсырмасын орындау арқылы сіз үлкен қадам жасағандай боласыз. 2-тапсырманы бастаған кезде сергектікті сезініп, оны тиімдірек орындайсыз.
- Бұл тапсырмаға 20 минут уақыт жұмсаңыз. Үміткерлердің жиі жіберетін қателігі – 2-тапсырмаға ұзақ уақыт жұмсап, 1-тапсырманы орындауға аз уақыт қалдыру.
- 2-тапсырмаға екі есе көп ұпай берілсе де, 1-тапсырмаға бей-жай қарамаңыз.
- Нұсқаулықтарды көз жүгіртіп оқып шығыңыз және сызбаны/диаграмманы зерттеңіз. Графикті түсіндіруге көмектесу үшін деректер туралы жалпы мәлімдемені/пайымды қолданыңыз.
- Сіздің қолжазбаңызда 150 сөздің қанша жол болатынын алдын ала анықтап алыңыз, мысалы, егер сіз әр жолға шамамен 10 сөз жазсаңыз, онда сізге кем дегенде 15 жолды шығару қажет болады. 170/180 сөзден аспайтындай жазуды мақсат етіңіз.
- Сіз кемінде 150 сөз жазғаныңызды тексеріңіз. Егер сіз аз жазсаңыз, бұл сіздің ұпайыңызға әсер етеді.
- Жалпы тенденцияларды, айырмашылықтарды және т.б. салыстырыңыз және оны диаграммадағы ақпаратты қорғау үшін қолданыңыз. Детальдарға тым көп назар аударудан аулақ болыңыз.
- Егер сізде бірден көп график немесе диаграмма немесе екеуінің қосындысы болса, ақпаратты байланыстырыңыз.
- Параграфтарда: кіріспе, мәтіннің негізгі бөлігіне бір немесе екі абзац жазғаныңызға көз жеткізіңіз. Содан кейін қысқаша қорытынды жазыңыз.

1. Tips for IELTS by Sam McCarter, 2006, pp. 23-24

### *Кіріспе қалай жазылады?*

Кіріспе үшін бір сөйлем жеткілікті. Мүмкіндігінше берілген жалпы мәлімдемедегі сөздерді синонимдермен немесе парафразалармен алмастырыңыз. Егер сіз кіріспеңізді өз сөзіңізбен тез жаза алмасаңыз, уақытты босқа құртпаңыз. Тапсырмадағы сөздерді жазып алыңыз, бірақ оларды кейінірек өзгертуді ұмытпаңыз.

### *Негізгі бөлімді қалай жазу керек?*

Мәтініңізді кіріспемен қоса 3 параграфқа бөліңіз. Ақпаратты кең/жалпы топтарға/санаттарға немесе үрдістерге қарай бөліңіз. Негізгі немесе ең маңызды/елеулі ерекшеліктерді/сипаттамаларды/айырмашылықтарды/үрдістерді/өзгерістерді сипаттаңыз. Детальдар тізімін жазудан аулақ болыңыз. Жалпы үрдістер туралы жазып, оларды нақты деректермен қолдаңыз.

### **2 – тапсырманың маңызды ережелері:<sup>1</sup>**

- Жауапты ұйымдастыруға көмектесу үшін сұрақты қолданыңыз.
- Сұрақтың жалпы тақырыбын, әдетте: мәселе, көзқарас немесе екі қарама-қарсы көзқарасы бар мәлімдемені тексеріңіз.
- Сұрақтың неше бөлімі бар екенін тексеріңіз.
- Қысқаша жоспар құрыңыз. Сұрақтағы назар аударатын фокус нүктелерін қолданыңыз.
- Шамамен бес параграф жазуды жоспарлаңыз.
- 270 сөз айналасында жазуды көздеңіз.
- Сіздің қолжазбаңызда 250 сөздің қанша жол болатынын анықтаңыз, мысалы: егер сіз әр жолға шамамен 10 сөз жазсаңыз, онда сізге кемінде 25 жолды шығару қажет болады.

### *Эссе сұрақтарын талдап, түсіну*

- Қол жетімді практикалық, дайындыққа арналған материалдарды қарап, 2-тапсырмадағы сұрақтарды түсінуге дайындалыңыз.
- Эссе сұрақтарының негізгі құрылымымен танысыңыз. Сұрақта, әдетте, алдымен жалпы жағдайды сипаттайтын мәлімдеме, содан кейін ол туралы жазуға болатын нақты пункттар болады. Жалпы мәлімдеме мәселені көрсете алады, мысалы: “Қазіргі өмірде стресс күшейіп келеді”. Осыдан кейін келесі сұрақтар берілуі мүмкін: “Сіздің ойыңызша, оның негізгі себептері қандай? Сіз қандай мүмкін болатын шешімдер ұсына аласыз?”
- Сонда сіздің жауабыңыз негізгі себептерге, содан кейін ұсынылған шешімдерге байланысты ұйымдастырылуы керек. Әрқайсысында сіз себептерін айтып, оларды мысалдар келтіріп қолдауыңыз керек. Есіңізде болсын, сіз де өз пікіріңізді білдіруіңіз керек. Сұрақтың ұйымдастырылуы сізге эссенің қалай ұйымдастырылуы керектігін көрсетеді.
- Назарыңызды алдымен ұйымдастыруға немесе сұрақта қамтылған сөздерге/себептерге, әсерлерге, шешімдерге, т.б.-ға аудара отырып, талдауға тырысыңыз.

---

1. Tips for IELTS by Sam McCarter, 2006, pp. 32-34

## **IELTS Айтылым бөлімі (Speaking)**

- Ағылшын тілінде сөйлеу қабілетіңізді жаттықтыруға қолыңыздан келгенше күш салыңыз.
- Өз жұмысыңыз, оқу тәжірибеңіз және жоспарларыңыз туралы әңгімелей алатыныңызға сенімді болыңыз – қажетті тілдік лексиканы ғаламтордан, мысалы, таңдаған мамандығыңыз бен университеттегі курстарыңыз туралы мақалаларды оқу арқылы таныс болыңыз.
- Жалпы тақырыптарға өз пікіріңізді не үшін олай ойлайтыныңызды түсіндіру үшін мысалдар мен себептер келтіре отырып, білдіре алатыныңызға сенімді болыңыз – қажетті тілдік лексикамен адамдар өз ой-пікірлерімен бөлісетін радиобағдарламаларды тыңдау немесе телебағдарламалар көру арқылы танысыңыз.
- Достарыңызбен үнемі жарты сағат тек қана ағылшын тілінде сөйлейтіндей етіп келісімге келіп, жаттығыңыз – сол уақытта талқылау үшін нақты бір тақырыпты таңдаңыз.
- Мүмкін болса, тұрғылықты жеріңізде ағылшын тілдік клубына барып қатысыңыз.
- Мыналарды ағылшынша оңайлықпен айта алатыныңызға көз жеткізіңіз – өзіңізді таныстыру, келісу немесе келіспеу, біреуден қайталауды немесе түсіндіруді сұрау, қолдау және қарсы аргументтер беру, гипотеза (болжам) жасау, өз тәжірибелеріңіз туралы сөйлеу, өз көзқарасыңызды қорғау – себебі, айтылым тестінде осылардың көпшілігін жасай алу қажет болады. Бұл кеңестер сізге дайындық уақытыңызды тиімді пайдалануға көмектеседі.

IELTS Айтылым 3 бөлімнен тұрады.

1-бөлімде сіз өзіңіз туралы, үйіңіз/отбасыңыз, жұмысыңыз/білім алуыңыз, қызығушылықтарыңыз және таныс тақырыптарда жалпы сұрақтарға жауап бересіз.

2-бөлімде емтихан алушы сізге белгілі бір тақырыпты және әңгіме барысында сіз қарастыра алатын пункттерді қамтитын карточканы береді және сол бойынша сөйлеуіңізді сұрайды. Сізге дайындалуға бір минут уақыт беріледі: егер қаласаңыз, параққа кейбір жазбалар қалдыра аласыз. Сіз 2 минутқа дейін сөйлейсіз, содан кейін емтихан алушы сол тақырып бойынша сізге бірнеше сұрақ қоюы мүмкін.

3-бөлімде емтихан алушы сізге 2 -бөлімнің тақырыбына қатысты қосымша сұрақтар қояды. Бұл сұрақтар сізге абстрактылы (жалпы) мәселелер мен идеяларды талқылауға мүмкіндік береді.

### **Айтылымның 1-бөліміне арналған кеңестер:**

- Жауаптарыңызға себептер келтіріп, түсіндіріңіз.
- Сұрақтарға әр түрлі шақтарды қолдана отырып жауап беруге дайын болыңыз.

### **Айтылымның 2-бөліміне арналған кеңестер:**

- Дайындалуға берілетін 1 минуттық уақытты берілген барлық пункттер туралы не айтатындығыңыз туралы жазбалар жазуға жұмсаңыз.
- Сіз айтқан әрбір ой жайлы толығырақ ақпарат беріңіз
- Сіз сөйлеп болғаннан кейін емтихан алушы сіз айтқан тақырып бойынша сұрақ қоюы мүмкін. Бұл сұраққа қысқа ғана жауап беру керек.

### **Айтылымның 3-бөліміне арналған кеңестер:**

- Сұрақтың екі жағын да қарастырып, оны растайтын мысалдар келтіріңіз. Бұл сізге 3-бөлімдегі күрделі сұрақтарға жауап беруге көмектеседі.



- Өз пікіріңізді білдіріп, ойыңызды дамыту үшін мысалдар келтіріңіз.
- Әрқашан пікіріңізді білдіріңіз.

Сіздің пікіріңіздің қандай болатыны маңызды емес, себебі сіздің не ойлайтыныңыз емес, тіл деңгейіңіз бағаланады.

- Емтихан алушы сіздің тілдік біліміңіз қаншалықты кең екенін естігісі келеді.

#### **Айтылымға арналған жалпы кеңестер:**

- Тест алдында өз тіліңізде емес, ағылшын тілінде сөйлеуге, тыңдауға немесе оқуға уақыт бөліңіз, сонда сіз емтихан бөлмесіне кіргенде «ағылшын тілінде ойлайсыз».
- Күлімдеңіз және өзіңізді еркін ұстаңыз – сіз неғұрлым көп күлімдесеңіз, соғұрлым өзіңізді еркін сезінесіз.
- Тесттің диктофонға жазылуы сізді мазаламасын – сізден сұралатын сұрақтарға ғана назар аударуға тырысыңыз.
- Емтихан алушы сізді ести алатындай әрқашан анық сөйлеңіз.
- Дауысыңыздың бірсарынды болмауы маңызды, сондықтан айтқандарыңыз қызықты болуы үшін сөзіңізге стресс қойып, интонациямен айтыңыз.
- Тым тез сөйлемеңіз, себебі сөзіңізге еру қиын болуы мүмкін.
- Тым баяу сөйлемеңіз, өйткені сізге көп ақапаратты айтуға мүмкіндік болмайды.
- Ұзақ үзілістің орнына не айтатыныңызды дайындауға уақыт беру үшін “Well”, “So” and “Let me think” сияқты қосымша сөздерді қолданыңыз.
- Егер сіз грамматикалық қате жіберсеңіз, уайымдамаңыз – сіздің грамматикаңыз ғана емес, басқа да дағыдыларыңыз бағаланады.
- Тест кезінде грамматика мен лексиканың кең ауқымын қолдануға тырысыңыз. Емтихан алушы сіздің тіліңізге ғана баға бере алады.
- Егер емтихан тапсырушы сізді аяқтамай тұрып тоқтатса, уайымдамаңыз. Тесттің уақыты мұқият қадағаланады және емтихан алушы әр бөлімнің уақытын қарап отыруы керек.

#### **Маңызды ережелер:<sup>1</sup>**

- Мүмкіндігінше ағылшын тілінде сөйлеңіз.
- Емтиханға онда не болатынын біліп дайындалыңыз.
- Сіз жауаптарды жатқа білгендей емес, табиғи түрде сөйлеуіңіз керек. Жауаптарыңыз кенеттен, бірақ мағынасы орынды болсын.
- Сөздік қорыңыздың кең ауқымын қолданыңыз. Айтылым кезінде адамдар әдетте білетінінен аз қолданады.
- Дәл, нақты сөйлеуден гөрі, жалпы айтып отырған сөзіңізге назар қойыңыз. Сонда сіз қателіктерді азырақ жасайсыз.
- Анық сөйлеуге жаттығыңыз. Бұл баяу емес, табиғи және біркелкі дегенді білдіреді.

#### **Ұйымдастыру:**

- Тесттің басқа бөлімдері сияқты, айтылым жауаптарыңызды ұйымдастыру қабілетін тексереді. Жақсы ұйымдастыру сіздің еркін және жүйелі түрде сөйлеуіңізге мүмкіндік береді және қателіктеріңізді азайтады.
- Әңгімеңізді карточкадағы тірек сөздер мен жазбаларыңызға қарап, құрастыруды үйреніңіз.
- Өзіңізді аудиоға жазыңыз; тіпті қанша айту керектігін білу үшін жауабыңызды қағазға жазыңыз.

1. Tips for IELTS by Sam McCarter, 2006, pp. 53, 56

## **Емтихан күні не істеу керек?**

Емтихан тапсыруды ұнататындар өте аз, бірақ IELTS тестілеу орталығына барар алдында не күту керектігін және не істеу керектігін білсеңіз, емтихан күнін жеңілдете аласыз.

### ***Ережелер мен нұсқаулар***

Кез келген емтиханда, оны тапсыру барысында не істеу керек және не істеуге болмайтыны туралы кейбір ережелер мен нұсқаулар бар.

Төмендегі ережелер мен нұсқауларды қарап шығып, тсінбеген жағдайда тест орталығынан сұраңыз.

### ***Міндетті әрекеттер:***

- Тіркеу кезінде және әр емтихан сессиясында жеке басыңызды куәландыратын дәлел (мысалы, куәлік немесе паспорт) көрсетуіңіз керек. Өз елінен тыс жерде тест тапсыратын үміткерлер паспорттын көрсетуі керек.
- Үстеліңізде тек жеке куәлігіңіз, қалам/қарындаш және өшіргіш болуы керек.
- Ұялы телефонды, пейджерді немесе кез келген басқа электронды құрылғыларды өшіріп, оларды жеке заттарыңызбен бірге тестілеу бөлмесінің сыртына қоюыңыз керек.
- Егер тестілеу күніндегі жағдайлар сіздің тапсырмаларды орындауыңызға кедергі келтіретін болса, тез арада тест бақылаушысына (invigilator) айтыңыз.

### ***Тиым салынған әрекеттер:***

- Емтиханды басқа адамның орнына тапсыру немесе сіздің орныңызға басқа адамның тапсыруы.
- Алдау әрекеті, басқа үміткердің жұмысын көшіру немесе тестілеуді бұзу.
- Тест кезінде сөздік, пейджер, электронды жазу таспасы немесе ұялы телефонды қолдану немесе қолдануға тырысу. Осыларды қолданған үміткер тесттен шығарылады.
- Емтихан басталғаннан кейін басқа үміткерлермен сөйлесу немесе оларды алаңдату, кедергі келтіру.
- Сөздікті пайдалану немесе қолдануға тырысу.

### ***Уақытқа байланысты кеңестер:***

Емтиханның күнін, уақытын және орнын біліңіз және жоспарланған басталу уақытынан бұрын келіңіз. Егер сіз кез келген компонентіне кешігіп келсеңіз, супервайзерге немесе бақылаушыға хабарлаңыз. Сізге емтихан тапсыруға рұқсат берілмеуі мүмкін.

### ***Емтиханға қажетті заттар:***

- Тексеру бөлмесіне тек емтиханға қажет қаламдарды, қарындаштар мен өшіргіштерді ғана алыңыз.
- Түзету сұйықтығын немесе хайлайтерлерді қолдануға болмайды.
- Сізге қажет емес немесе рұқсат етілмеген нәрсені емтихан бөлмесінің сыртына қалдырыңыз.
- Емтихан кезінде сіз басқа үміткерге ештеңе бере алмайсыз және одан ала алмайсыз.
- Бағалы заттарды әкелмеңіз, себебі тестілеу орталығы бұған жауап бере алмайды.

## TOEFL емтиханына арналған пайдалы кеңестер бөліміне кіріспе<sup>1</sup>

TOEFL тестінің мазмұнын дайындайтын «Білім берудегі тестілеу қызметі» (Educational Testing Service–ETS) ұйымының тестке дайындық бойынша төмендегідей кеңестерді қамтиды:

- Уақытты жоғалтпау үшін әр бөлімдегі нұсқауларды мұқият орындаңыз.
- Help батырмасын тест барысында нұсқаулықты қайта қарау үшін тек қажет болған жағдайда басыңыз, себебі Help функциясы қолданылған кезде тесттің уақыты тоқтатылмайды.
- Көп ұайымдамаңыз. Тек ағымдағы сұраққа назар аударыңыз және басқа сұрақтарға қалай жауап бергеніңізді ойламаңыз. Бұл практика арқылы қалыптасатын әдет.
- Бір сұраққа тым көп уақыт жұмсамаңыз. Егер сіз бір сұрақтың жауабы бойынша күмәніңіз болып, жауабын білмесеңіз, мүмкіндігінше сәйкес келмейтін жауап нұсқаларын алып тастап, қалған жауапты таңдаңыз. Оқылым бөліміндегі жауаптарыңызды «Review» батырмасын басып қайтадан қарай аласыз. Бірақ мұны барлық сұрақтарға жауап бергеннен кейін ғана жасаған дұрыс, солай фокусыңызды жоғалтпай, уақытты үнемдейсіз.
- Жылдамдығыңызды әр сұраққа жауап беруге жеткілікті уақытыңыз болатындай қадағалап отырыңыз. Соңында асықпас үшін әр бөлімнің/тапсырманың уақыт шектеулері туралы біліп отырыңыз және әр сұраққа/тапсырмаға жеткілікті уақыт бөліңіз. Қаласаңыз, уақыт сағатын жасырып қоя аласыз, бірақ прогрессті бақылап отыру үшін қалған уақытыңызды тексеріп отырған дұрыс. Тест кезінде сағат, Тыңдалым және Оқылым бөлімдерінде, сонымен қатар Жазылым бөліміндегі тәуелсіз және біріктірілген тапсырмаларда аяқталуға 5 минут қалғанда автоматты түрде ескертеді.

---

1. The Official Guide to the TOEFL® Test 2021, ISBN 978-1-260-47035-2, p.33

## TOEFL iBT Оқылым (Reading) бөліміне арналған кеңестер мен стратегиялар<sup>1</sup>

Оқылым бөлімі ғаламтор арқылы тапсырылатын TOEFL-дің 1-бөлімі болып табылады. TOEFL iBT Оқылым бөлімі академиялық ортада қолданылатын материалдардың түрін қаншалықты жақсы оқып, түсіне алатындығыңызды бағалауға арналған. Ол 3 немесе 4 оқу үзіндісін (мәтіндерді) қамтиды, олардың әрқайсысы шамамен 700 сөзден тұрады, әр үзіндіде 10 сұрақ бар. Бөлімдегі барлық сұрақтарға жауап беру үшін 54 –тен 72 минутқа дейін уақыт болады.

Оқу үзінділері пәнге немесе тақырыпқа кіріспе ретінде қолданылатын университет деңгейіндегі оқулықтардың үзінділері. Үзінділер әр түрлі пәндерді, тақырыптарды қамтиды. Егер сіз үзіндінің тақырыбымен бұрын-соңды таныс болмасаңыз, уайымдамаңыз. Сұрақтарға жауап беру үшін қажет барлық ақпарат үзіндіге енгізіледі. Егер қажет болса, жиі қолданылмайтын сөздердің мағынасын білу үшін глоссарий бар.

### TOEFL-ді сәтті тапсырған студенттердің кеңестері:

- Егер сіз тақырып туралы көп білмесеңіз, қорықпаңыз. Сұрақтарға жауап беру үшін қажет барлық ақпарат үзіндіде, ал техникалық сөздік глоссарийде беріледі.
- Негізгі ойды білу үшін алдымен үзіндінің бірінші және соңғы абзацын оқыңыз. Содан кейін сұрақтарды бастаңыз.
- Өте қиын сұраққа көп уақыт жұмсамаңыз. Егер үзіндінің соңында уақытыңыз болса, кері қайтып, жауабыңызды өзгертуге болады.
- Оқылым бөлімін аяқтаған кезде, қаншалықты жақсы орындағаныңыз туралы ойланбаңыз. Келесі бөлімде бар күшіңізді салуға дайын болыңыз.

### Стратегиялар:

#### *Оқылым стратегиясы 1. Компьютер орнын оқылымға арнап ұйымдастыру.*

TOEFL iBT тесті күні тағайындалған компьютер тұрғын орында, сізге арналған компьютер экраны, пернетақта, тінтуір, құлаққап, жазбаларға арналған парақшалар мен қарындаштар болады. Оқылым бөлімі үшін сізге құлаққап қажет емес, бірақ оларды тексеру үшін тағу сұралады. Осыдан кейін, егер олар сізге ыңғайлы болса, солай қалдыра аласыз. Олар белгілі бір шуды бөгейді, сондықтан пайдалы болуы мүмкін. Тыңдалым бөлімін бастамайынша сізге пернетақта, қағаз немесе қарындаш қажет емес. Оларды кедергі келтірмес үшін жұмыс үстелінің бір жағына жылжытып қойыңыз. Экран мен тінтуірді үзінділерді оқу және дұрыс жауаптарды басу үшін тиімді пайдалана алатындай орнатыңыз.

#### *Оқылым стратегиясы 2. Компьютерде немесе қағаз түрінде оқуға жаттығу*

Оқылым бөліміне байланысты компьютер экранында немесе қағаз түріндегі материалдарды оқуды үйреніп, жаттығуыңыз керек. Көптеген оқырмандар қағазға қарағанда компьютер экранында баяу оқиды. Егер сіз екеуінде де бірдей жылдамдықпен оқи алатын болсаңыз, процесс сәл өзгеше болады. Егер сіз iBT –ге дайындалып жатсаңыз, экранда оқу тәжірибесі болуы керек. iBT-те сіз мәтінді экранның оң жағынан, ал сұрақтарды сол жағынан көресіз.

---

1. TOEFL Strategies and Tips with MP3 CDs: Outsmart the TOEFL iBT (Barron's Test Prep) Second Edition by Pamela J. Sharpe Ph.D., 2015, pp.7-8

### **Оқылым стратегиясы 3. Бағыт-бағдар үшін суреттерге көз салу**

Оқылым бөлімінде суретті көргенде, оны зерттеуге көп уақыт жұмсамаңыз. Суретке жай ғана көз салып, бірден мәтінмен жұмыс істеуді жалғастырыңыз. Суреттегі ақпарат мәтінде қайталанады, ал сұрақтар суреттерге емес, параграфтарға қатысты болады. Үзінділердің көпшілігінде суреттер жоқ, бірақ олар болған кезде оларды бағдар үшін қолданып, мәтінге жылдам ауысыңыз.

### **Оқылым стратегиясы 4. Қысқаша шолу үшін үзіндіге көз жүгіртіп өту (skimming)**

Skimming үзіндіден жалпы ақпаратты іздеуді білдіреді. Сіз әрбір оқылатын үзіндіні бірінші экранның оң жағында ешқандай сұрақсыз көресіз. Сұрақтарға өту үшін барлық үзіндіні тінтуірді төмен жылжыта отырып, көріп шығу керек. Сіз жылжытып отырып, ақпаратты егжей – тегжейлі оқудың орнына, жалпы ақпаратты тез қарап шыға аласыз. Әр параграфтың атауына, тақырыптарына, бірінші және соңғы сөйлемдеріне ерекше назар аударыңыз. Үзінді әр сұрақ бойынша қайта пайда болып отырады, және сіз сол сәтте уақытыңызды әр параграфты детальдарды табу үшін егжей-тегжейлі оқуға жұмсай аласыз.

### **Оқылым стратегиясы 5. Сөздік қор бойынша/лексикалық (vocabulary) сұрақтарға жылдам жауап беру**

TOEFL iBT-дағы сөздік қор бойынша сұрақтардың көпшілігіне жауап беру үшін үзіндіні оқу қажет емес. Алдымен үзіндідегі қарамен боялған сөзді оқыңыз, содан кейін сұрақтың төрт жауап нұсқасын оқыңыз. Сіз синонимді оқу үзіндісіне сүйенбей-ақ анықтай алуыңыз мүмкін. Бұл уақытты үнемдейді. Әдетте әр үзіндіге үш немесе одан да көп сөздік бойынша сұрақтар қойылады. Бұл стратегияны қолдансаңыз, сіздің басқа сұрақтарға жауап беруге көбірек уақытыңыз болады.

### **Оқылым стратегиясы 6. Техникалық сөздік үшін глоссарийлерге сүйену**

Оқылым бөліміндегі үзінділерді түсіну үшін сізге техникалық лексиканы білу қажет емес. Егер техникалық сөз қолданылса, ол көк (blue) түспен боялып көрсетіледі. Сөздің анықтамасын көру үшін сол сөзді басыңыз.

### **Оқылым стратегиясы 7. Есімдік сілтемелерін табу**

<sup>1</sup> Үзіндіде қарамен боялған есімдікті көргенде, ол сілтейтін зат есімді немесе сөз тіркесін/фразаны анықтауға тырысыңыз. Көбінесе зат есім немесе фразаның есімдіктің алдында пайда болатынына назар аударыңыз. Сол сөйлемдегі немесе алдыңғы сөйлемдердегі есімдікке дейінгі сөздер мен фразаларды іздеңіз. Сіздің таңдауыңыздың есімдікпен сан жағынан (жекеше немесе көпше) және тегі жағынан (аталық немесе аналық) сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Саны немесе тегі бойынша келіспегендіктен, қате таңдауларды алып тастай аласыз. Төменде келтірілген жиі кездесетін есімдіктерге назар аударыңыз.



he (ол – аталық тек)	him – оны, оған, оның	his – оның	this – бұл, осы, мынау (заттар жақын тұрғанда)	one – бір, біреу	who – кім
she (ол – аналық тек)	her – оны, оған, оның	her – оның	that – анау, сол, әлгі (заттар алыс тұрғанда)	some – кейбір, кейбіреуі	which – қай, қандай
it (ол – жансыз зат есімді алмастырады)	it – оны, оған, оның	its – оның	these – бұлар, осылар, мыналар (заттар жақын тұрғанда)	a few – азғантай, several – бірнеше	that – бұл, сол
they (олар)	them – оларды, оларға	their – олардың	those – аналар, солар, әлгілер (заттар алыс тұрғанда)	many – көп	

**Оқылым стратегиясы 8. Ақпараттың нақты фактілерін тереңерік іздеу үшін тұспалдарды табу**

Кім, қайда, қашан, қанша немесе нені сұрайтын сұрақты оқығанда, детальдарды іздеу керек. Сіз не іздейтіндігіңізді білетін боласыз және оны табу үшін үзінді арқылы көзіңізді тез жүгіртіп шығуға болады. Егжей-тегжейлі сұрақтарға жауап табуға көмектесетін тұспалдар төменде көрсетілген.

**Бас әріптер:** Кім? Қайда? Адамдар мен жерлердің атауларын табу үшін.

**Сандар:** Қашан? Қанша? Қанша уақыт? Ақша сомасын немесе уақытты табу үшін.

**Тірек (кілттік) сөздер:** Не? Неге? Қалай? Терминдер мен тірек сөздерді табу үшін.

**<sup>1</sup>Оқылым стратегиясы 9. Логикалық қорытынды жасау**

Кейде сізден үзіндідегі дәлелдерге сүйене отырып қорытынды жасауды сұрайды. Ақпарат тікелей айтылмаса, сіз бірнеше фактілер арасындағы байланысты тану арқылы логикалық қорытынды жасауыңыз керек. Мысалы, үзіндіде барлық құстардың тұмсықтары бар екенін білуге болады. Сіз Кивидің де құс екенін біле аласыз. Логикалық қорытынды – Кивидің тұмсығы болуы керек. Сіз оқып отырған кезде фактілер қалай байланысты екенін ойлаңыз.

**Оқылым стратегиясы 10. Кірістіру сөйлеміндегі бірінші сөзді немесе сөз тіркесін табу**

Сізден үзіндіде сөйлемді қай жерге кірістіру керектігін сұраған кезде, енгізілетін сөйлемдегі бірінші сөзге немесе фразаға ерекше назар аудару қажет. Есімдіктер алдыңғы сөйлемдердегі зат есімдерге қатысты болуы мүмкін. Кейде байланыстырушы сөздер немесе фразалар кірістірілген сөйлем мен алдыңғы сөйлем арасында логикалық байланыс жасайды. Ең жиі кездесетін байланыстырушы сөздер төменде келтірілген.

1. Ibid. pp.38-40, 54, 60.

Contrast (қайшылық)	Addition (... қоса)	Example (мысал)	Restatement (қайта қарау)	Order (кезек)
On the other hand (басқалай қарағанда)	Furthermore (оның үстіне)	For example (мысалы)	In other words (басқа сөзбен айтқанда)	First (бірінші)
On the contrary (керісінше)	Moreover (сонымен қатар, сондай-ақ)	For instance (мысалы)		Next (кейінгі)
In contrast (керісінше, қайта)	In addition (сонымен қатар, сондай-ақ)			Then (одан кейін)
				Finally (соңында)

### **Оқылым стратегиясы 11. Әр үзіндіге уақыт бөлу**

Оқылым бөлімін орындау үшін әр үзіндіні 20 минут оқып, оған сәйкес келетін барлық сұрақтарға жауап беруіңіз керек. Сіз оқу кезінде iBT-де сағатты жасырып немесе көрсетіп қоя аласыз, бірақ уақытты тексеруге көп уақыт жұмсамауыңыз керек. Жылдамдығыңызды арттырыңыз – уақытты әр үзіндінің соңында бір тексеріңіз. Оқылым бөлімінің соңғы үзіндісін бастаған кезде таймерде 20 минут қалуы керек. Есіңізде болсын, қысқа нұсқада үш үзінді бар, ал ұзақ нұсқада төрт үзінді бар.

### **Оқылым стратегиясы 12. Қайта қарау (шолу) экранын тиімді пайдалану**

Әр үзіндінің соңындағы «Review» батырмасын басып, сол үзіндіде сұраққа жауап берілмеген бос орын қалдырмағаныңызға көз жеткізіңіз. Егер сіз сұраққа жауап бермеген болсаңыз, оны шолу кестесінен тауып, үзіндідегі сұраққа қайта оралыңыз. Жалпы, тест кезінде сіз барлық сұрақтарға жауап беруге тырысуыңыз керек. Егер сіз «Review» батырмасын жиі қолдансаңыз, соңғы үзіндіні аяқтауға уақытыңыз жетпей қалуы мүмкін.

## **TOEFL iBT Тыңдалым (Listening) бөліміне арналған кеңестер мен стратегиялар**

TOEFL iBT Тыңдалым бөлімі ағылшын тіліндегі әңгімелер мен дәрістерді түсіну қабілетіңізді бағалауға арналған. Ол мыналарды қамтиды:

- негізгі түсінік;
- прагматикалық түсіну (сөйлеушінің көзқарасы мен сенімділік дәрежесі) және ақпаратты байланыстыру мен синтездеу);
- Тыңдалым бөлімінде тыңдау элементтерінің 2 түрі бар – дәрістер мен әңгімелер. Екеуі де академиялық тілді қолданады.
- 3-4 дәріс, әрқайсысының ұзақтығы 3-5 минут, әр дәріске 6 сұрақ беріледі.
- 2 адамның арасындағы 2-3 әңгіме, әрқайсысының ұзақтығы 3 минут, әр әңгімеге 5 сұрақ беріледі.

Сұрақтарға жауап беру үшін тест кезінде кез келген дыбыстық элементке жазбалар жаза аласыз. Бөлімді аяқтауға 41-57 минут уақыт беріледі.

### **TOEFL-ді сәтті тапсырған студенттердің кеңестері**

- Ағылшын тіліндегі университет дәрістерінің видеоларын қарап көріңіз. Оларды ғаламтордан табуға болады.
- Егер сізге ағылшын телеарналары қолжетімді болса, Discovery Channel, National Geographic Channel, Smithsonian Channel және тағы да басқа академиялық тақырыптар ұсынатын арналарды қараңыз. Видеоға тым көп назар аудармаңыз. Тыңдап жатқанда жазбалар жасаңыз.
- TOEFL iBT Тыңдалым бөлімінде жазбалар жасағанда, әр сөзді жазып алуға тырыспаңыз. Сізден диктант талап етілмейді. Негізгі идеялар мен маңызды детальдарды есте сақтау үшін қажет ақпаратты ғана жазыңыз.
- Тестте берілетін нұсқаулықпен алдын ала танысып алыңыз.
- Тест барысында “Help” батырмасын тек қажет кезде басыңыз.
- Практикалық тесттерді жасап, дайындалыңыз.

### **Стратегиялар:**

#### ***Тыңдалым стратегиясы 1. Зейін қою.***

Тыңдалым кезінде бар назарыңызды спикердің не айтатынына аударыңыз және сыртқы кедергілерге алаңдап, ішкі алаңдаушылыққа ойыңызды бұзбаңыз. Сыртқы кедергілерге біреудің жөтелуі, шу шығаруы немесе қозғалғандары жатады. Кейде сіз тыңдалым бөлімін аяқтап жатқан кезде айтылым бөлімін бастап кеткен басқа тест тапсырушылардың дауыстарын естуіңіз мүмкін. Осындай кедергілерге назарыңызды бұрмай, жауабыңызды бақылау үшін, жазбаларыңызға зейін қойыңыз.

Ішкі алаңдаушылық – бұл сізді басқа ойға итермелейтін эмоциялар. Егер сізге сөйлеушінің дауысы ұнамаса, бір сөзді түсіне алмасаңыз немесе сұрақтың жауабын білмесеңіз, көңіл-күйіңізді түсіріп, санаңызда қобалжытуға мүмкіндік бермеңіз. Мұндай жағдайлардың кесірінен, тыңдалымдағы ақпаратты жіберіп аласыз. Қобалжи бастағанда «Жоқ» деп айтуды үйреніңіз. Терең дем алып, соңғы сұраққа алаңдамай, жауап беретін сұраққа зейін қойыңыз.

### **Тыңдалым стратегиясы 2. Ойды тыңдау.**

Әңгімедегі немесе дәрістегі жалпы ойды түсіну үшін әрбір жеке сөзді білудің қажеті жоқ. Шындығында, егер сіз жаңа сөздің мағынасы туралы ойлануды бастасаңыз, келесі сөзді немесе тіпті келесі сөйлемді жіберіп алуыңыз мүмкін. Сізге кейбір сөздердің мағынасы бейтаныс болуы мүмкін, ең бастысы назарыңызды жоғалтпаңыз, сонда сіз идеяларды түсіне алатын боласыз.

### **Тыңдалым стратегиясы 3. Табиғи сөйлеу мәнерін тыңдау.**

Сіз iBT-де тыңдау үзінділерінде табиғи айтылатын сөзді тыңдайсыз. Профессорлар мен студенттер өздерінің сөздерін бөледі, тартыншақтап, мүдіріп сөйлейді, қайталайды және өздеріне ойлануға уақыт беруі үшін “uh, um, well, you know” деген сөздерді айтады. Мұның бәрі дәстүрлі ағылшын тілі тесттерінде кездеседі. Тыңдалым бөлімін сәтті орындау үшін табиғи сөйлеу мәнерін алдын-ала тыңдап үйреніңіз.

### **Тыңдалым стратегиясы 4. Дәріс пен курстық жұмыстардың негізгі идеяларын ажырата біліңіз.**

Сіз әдетте лекцияның негізгі идеясын баяндаушының кіріспесінде немесе алғашқы бірнеше сөйлемде тыңдайсыз, бірақ кейде профессор негізгі тақырыпты бастамас бұрын курсқа байланысты жұмыстар туралы да айтуы мүмкін. Мұндай мысалдарға емтихандар, тесттер мен бақылау сұрақтары (quizzes), сабақ кестесінің өзгеруі, оқу бағдарламасына (силлабусқа) сілтемелер, сыныптағы ережелер және тапсырмаларды нақтылау туралы ақпарат жатады. Сізден осы туралы толық ақпарат сұралуы мүмкін, бірақ сіз бұл кіріспе ақпаратты бірінші тыңдасаңыз да, негізгі идея келесісінде болады. Негізгі ойдың басталғанын жиі білдіретін байланыстырушы/ауыспалы сөздер (transition words) мен фразалар төменде келтірілген.

#### **Курсқа байланысты жұмыстарға қатысты фразалардың мысалы:**

“Before we begin, let me remind you ... “ (“Жұмысты бастамас бұрын, еске салайын ...”)

“Sorry that I don’t have the exams graded ... “ (“Кешіріңіздер, мен емтихандарды әлі бағаламадым ...”)

“Good job on the quizzes ...”(“Бақылау сұрақтарында жақсы жұмыс істедіңіздер...”)

“Let’s take a look at the syllabus” (“Силлабусты қарастырайық”)

“Let me remind you that ...” (“Естеріңізге сала кетейін ..”)

#### **Дәрістің басталуын білдіретін сөздер (Transition words):**

Okay .... Okay then ... So .. . Now .. . Good .. .

### **Тыңдалым стратегиясы 5. Дәріс пен шолудың негізгі идеяларын ажырату**

Профессорлар әдетте дәріс немесе талқылауды негізгі идеяны таныстырудан бастайды, бірақ кейде олар осы дәрістің тақырыбын таныстырмас бұрын алдыңғы дәрістің тақырыбына сілтеме жасайды. Анда-санда оқытушы жаңа ақпарат туралы жалпы көріністі көрсету үшін алдыңғы дәріске қысқаша шолу жасайды. Әр тақырып бойынша уақытқа сілтемелерді есту үшін мұқият тыңдаңыз. Алдыңғы дәрістің негізгі идеясы мен қазіргі дәрістің негізгі идеясын шатастырып алмаңыз. Тақырыптардың уақытына сілтеме болатын кейбір жиі кездесетін фразалар төменде келтірілген.

### Сілтеме сөздер: Алдыңғы дәріс

“As you will recall . . .” (“Естеріңізге түсірсеңіздер. . .”)

“You will remember that ...” (“Естеріңізге сақтасаңыздар...”)

“In the last class ...” (“Өткен сабақта ... ”)

“In the previous lecture . . .” (“Алдыңғы лекцияда...”)

“We were discussing ..” (“Біз ... талқылап жатқан болатынбыз”)

### Өтпелі сөздер: Ағымдағы (қазіргі) дәріс

“Today we are going to .. ” (“Бүгін біз ...”)

“Today we will discuss .. ” (“Бүгін біз ... талқылайтын боламыз”)

“Now let’s turn our attention to ...” (“Енді ... назарымызды аударайық”)

“Today’s lecture will ...” (“Бүгінгі дәріс ....”)

“With that in mind, let’s talk about ...” (“Осыны ескере отырып, ... туралы сөйлесейік ... ”)

### **Тыңдалым стратегиясы 6. Назар аударуға шақыратын сөздерді тыңдау**

Дәрісте немесе талқылауда назар аударуға шақыратын сөздерді, мұқият тыңдап, жазып алыңыз. Ең жиі кездесетін осындай сөздерді мысалдары төменде келтірілген.

*Сөздер тізімі:*

“Attention” (“Назар аударыңыз”)

“Now this is important...” (“Қазір бұл маңызды ...”)

“The point is ...” (“Мәселе мынада ... ”)

“Remember that ...” (“Есіңізде болсын ...”)

“The basic concept is ...” (“Негізгі ұғым ... ”)

“The issue is ...” (“Мәселе мынада”)

### **Тыңдалым стратегиясы 7. Дәрістің ұйымдастырылуы**

Дәрістің ұйымдастырылуын мүмкіндігінше тезірек тани білсеңіз, сіз алдын ала ойлауға және пайдалы жазбалар қалдыра аласыз. Профессорлар әдетте дәрістерді ұйымдастырудың келесі түрлерін қолдана отырып жоспарлайды: анықтама мен сипаттама, хронология мен процесс, салыстыру мен контраст (қарама-қарсы қою), жіктеу (классификация) және себеп пен нәтиже. Тақырыптық сөйлем ұйымдастырылуды алдын ала көрсетуі мүмкін, бірақ кейде сіз оны анықтау үшін дәрістен белгілерді қолдануыңыз керек. Тыңдалымда дәрістің ұйымдастырылуын қайсысы екенін білдіретін белгі сөздерді естуіңіз мүмкін.



<i>Ұйымдастыру түрі:</i>	<i>Белгілер:</i>
Definition and description (анықтама мен сипаттама)	be етістіктері мен сипаттамалық сын есімдер
Classification (жіктеу)	Түрлері, бөліктері мен түрлері
Comparison and contrast (салыстыру мен контраст)	Ұқсастық, айырмашылық және салыстырмалы сын есімдер
Chronology and process (хронология мен процесс)	Кейін, содан кейін сияқты ауыспалы сөздер немесе даталар мен кезеңдер (next, then, after)
Cause and result (себеп пен нәтиже)	Себебі, сондықтан сөздері (Because and therefore)

## TOEFL iBT Айтылым (Speaking) бөліміне арналған кеңестер мен стратегиялар<sup>1</sup>

TOEFL iBT Айтылым бөлімі сіздің академиялық ортада ағылшын тілінде сөйлеу деңгейіңізді өлшеуге арналған. Ол университеттегі сабақтың кезінде және одан тыс кездестіруге болатын нақты өмірлік жағдайларға ұқсас 4 тапсырмадан тұрады.

- 1 -сұрақ «тәуелсіз айтылым тапсырмасы (independent speaking task)» деп аталады, себебі ол сіз жауап бергенде толығымен өз ойларыңызға, пікірлеріңізге және тәжірибелеріңізге сүйенуді талап етеді.
- 2–4 сұрақтар «біріктірілген айтылым тапсырмалары (integrated speaking tasks)» деп аталады, себебі олар сізге сыныпта немесе одан тыс уақыттағыдай ағылшын тіліндегі дағдыларды біріктіруді талап етеді – тыңдау мен сөйлеу, немесе тыңдау, оқу және сөйлеу.

Сізге әр жауап алдында 15–30 секунд дайындық уақыты беріледі, ал жауап беруге 45 немесе 60 секунд беріледі.

### TOEFL тестін сәтті тапсырған студенттердің кеңестері

- Акцентіңіз туралы алаңдамаңыз. TOEFL тапсыратындардың барлығының акценті бар.
- Бағалаушылар сізді түсіне алатындай анық сөйлеуге тырысыңыз.
- Мүмкін болса ағылшын тілінде адамдармен кездесетіндей клубтарға қосылып, іс-шараларға қатысыңыз.
- Практика жасау кезінде өзіңізді аудиоға жазып алыңыз. Бірінші жауабыңызды тыңдаған соң, қайтадан сол сұраққа жауап беріп жаттығыңыз. Екі жазбаны салыстырыңыз.
- Микрофонды сөйлеуді бастамас бұрын қосып, орнатып алыңыз. Содан кейін сөйлеген кезде микрофонға қол тигізбеңіз, себебі ол бағалаушыларды алаңдататын шу тудыруы мүмкін.

### Стратегиялар<sup>2</sup>

#### **Айтылым стратегиясы 1. Айтылым бөліміне дайындалу үшін үзілісті пайдаланыңыз**

Көптеген спортшылар жаттықтыру мен жарыс кезінде қыздыру жаттығуларын жасайды. Мұндай жаттығулар, жарақат алу қаупін төмендетіп, өнімділікті жақсарту үшін бұлшықеттерге қан ағымын жоғарылатудан басқа, ойды тазарту, назарды арттыру және ойын жоспарын қайталау арқылы жарысқа психикалық дайындық үшін пайдалы болып табылады. Айтылым бөліміне дайындалу үшін, ағылшын тілінде сөйлеп, тыңдалымның соңындағы 1 минуттық үзілісті пайдаланыңыз. Үзілісте достарыңызбен де өз тіліңізде сөйлеспеңіз. Сұрақтарыңыз болса тест бақылаушыларынан ағылшын тілінде сұраңыз.

1. TOEFL Strategies and Tips with MP3 CDs: Outsmart the TOEFL iBT (Barron's Test Prep) Second Edition by Pamela J. Sharpe Ph.D., 2015, pp.111-113

2. ibid. pp. 114-118, 122-126, 136-138, 162

### **Айтылым стратегиясы 2. Позитивті ойлап, өзіңізге сенімді болыңыз**

Алты тапсырма бойынша сұрақтарды аудиоға жазбас бұрын, дыбыс деңгейін реттеу үшін микрофонға сөйлеуіңіз керек болады. Сізге өте қарапайым сұрақ қойылады, мысалы: өзіңіз жақсы білетін қаланы сипаттаңыз. Бұл сізге компьютердің дыбыс деңгейін ғана емес, сонымен қатар көзқарасыңызды реттеуге де мүмкіндік. Өзіңізге сенімді болмасаңыз да, дауысыңыздың сенімді түрде шығуы маңызды.

### **Айтылым стратегиясы 3. Жазбаларыңызға байланысты құру**

Айтылым бөліміндегі 4 және 6-тапсырмалардағы дәрістер бойынша жазбалар жазасыз. Әр дәрістің қалай ұйымдастырылғаны туралы белгілерді тыңдаңыз. Жазбаларыңыздағы байланыстарды көрсету үшін жоспар құрыңыз. Ұйымдастырудың ең кең тараған түрлері жоғарыда келтірілген.

### **Айтылым стратегиясы 4. Әңгімені бастау үшін тікелей тәсілді қолдану**

Кейбір тапсырмаларды орындауға сізге 45 секунд уақыт беріледі. Басқа тапсырмаларда сізге жауап беруге 60 секунд беріледі. Ұзақ кіріспеге уақытыңыз болмайды. Сіз алғашқы сөйлемде-ақ негізгі ойды жеткізіп, тікелей мәлімдемеден (direct statement) бастауыңыз керек. Ағылшын тіліндегі тікелей мәлімдемелері бар сөйлемдер әдетте Зат есім-Етістік-Зат есім болып келеді. Олар әдетте қысқа, бірақ бірнеше зат есім сөзден тұратын сөйлем де болуы мүмкін, мысалы, «... that class attendance should be optional» («... сабаққа қатысу студенттің қалауы бойынша болуы керек...»).

### **Айтылым стратегиясы 5. Жауаптарға себептер келтіру**

Сіз пікір немесе қалауыңызды сұрайтын әр тапсырмада жауабыңызды қорғауыңыз керек. Пікір айтуға және ол пікіріңізге себептер келтіруге жаттығыңыз. “Because” (себебі) сөзін әр пікірден кейін қолдануды бастаңыз және сол пікірге екі немесе үш себеп келтіріңіз. Егер одан көп себептерді қоссаңыз, жауап беруге бөлінген шектеулі уақыт ішінде оларды түсіндіруге немесе детальдар келтіруге уақытыңыз болмайды.

Грамматика тұрғыдан сөйлем құрылымын есте сақтау:

- “Because” сөзінен кейін бастауыш пен баяндауыш қолданыңыз:  
I like traveling because I meet interesting people.  
(Мен саяхаттауды ұнатамын, себебі мен қызықты адамдармен танысамын)  
“Because of” фразасынан кейін зат есімді немесе зат есімді фраза қолданыңыз:
- I like traveling because of the interesting people.  
(Мен саяхаттауды қызықты адамдар болғаны үшін ұнатамын)

### **Айтылым стратегиясы 6. Басқалардың идеяларына дәйексөзбен (цитата) сілтеме жасаңыз**

Дәйексөз – бұл біреудің идеясына сілтеме жасау. Сіз айтылым бөлімінде сөйлемдерге сілтеме жасамай қайталағаныңыз үшін ұпай жоғалтасыз. Дәйексөзді қолданудың үш әдісі – дереккөзді таныстыру, идеяларды айту үшін қатаң етістіктерді (strong verbs) және 1-2-3 сілтемесін қолдану.

*Дереккөзді таныстырыңыз:*

According to the study of the professor Dr. Adams, ...

(Профессор, доктор Адамстың зерттеуіне сүйенсек, ...)

*Қатаң етістіктерді қолданыңыз:*

argues – дәлелдейді

concludes – қорытындылайды

maintains – қолдайды

mentions – еске салады

points out – көрсетеді

proposes – ұсынады

states – сендіреді

suggests – ұсынады

*1-2-3 сілтемесімен қолдану:*

Бірінші дәйексөз: аты

Екінші дәйексөз: тегі

Үшінші дәйексөз: есімдік

### ***Айтылым стратегиясы 7. Кеңейту мен қарама-қайшылықты қолдана отырып байланыс орнату***

Біріктірілген тапсырмада берілген ақпаратта спикердің қандай идеяны ұстанын (қарама – қарсы не қолдау) анықтап алғаныңыз дұрыс. Мұндай тапсырмаларда ойды кеңейту дегеніміз спикерлер мәтіндегі хабарландырудағы ақпаратпен келісетінін білдіреді. Қарама-қайшылық спикерлердің хабарландырумен келіспейтінін білдіреді. Немесе кеңейту деп мәтіндегі концепция/ұғым дәрістегі мысалмен түсіндіріліп тұрғанын білдіреді. Қарама-қайшылық, сол мысалдың ұғымға сәйкес келмейтінін білдіреді.

### ***Айтылым стратегиясы 8. Жазбаша және ауызша сөздердің қысқартуларын қолдану***

Жауаптарыңызда қысқартуларды қосуды ұмытпаңыз. Егер сіз қысқартуларды қолданбасаңыз, ол сіз сөйлеп емес, оқып тұрғандай көрінуі мүмкін. Тым бейресми тіл бағалаушылар үшін орынсыз болып көрінеді. Олар байсалды ЖОО студенттің тілін тыңдауды күтеді. Табиғи ауызекі ағылшын тілінде жаргон жоқ, бірақ ол қысқартуларды қамтиды. Кейбір қысқартуларда әріп жойылған апострофпен жазбаша формалары бар. Басқа қысқартулар олардың жазылуын өзгертпейді, бірақ олар айтылған кезде дыбыстар жойылады.

<i>Written Contractions (жазбаша қысқартулар)</i>					<i>Spoken Contractions (ауызша қысқартулар)</i>	
I'm	I'll	I've	isn't	I'd	going to	[gonna]
you're	you'll	you've	aren't	you'd	want to	[wanna]
he's	he'll	he's	weren't	he'd	have to	[haveta]
she's	she'll	she's	doesn't	she'd	has to	[hasta]
it's	it'll	it's	don't	it'd	ought to	[oughta]
we're	we'll	we've	hasn't	we'd	like to	[liketa]
they're	they'll	they've	haven't	they'd	should have	[shoulda]
			hadn't		would have	[woulda]
			won't		could have	[coulda]
			shouldn't		must have	[musta]
			wouldn't		might have	[mighta]
			couldn't		got to	[gotta]
					a lot of	[alotta]



## **TOEFL iBT Жазылым (Writing) бөліміне арналған кеңестер мен стратегиялар<sup>1</sup>**

TOEFL iBT Жазылым бөлімі сіздің академиялық ағылшын тілінде жазу деңгейіңізді өлшеуге арналған және сіздің өз ойыңызды нақты, жақсы ұйымдастырылған түрде ұсына алуыңыз күтіледі.

Бұл бөлімде 2 тапсырма беріледі.

- Біріктірілген жазылым тапсырмасы (integrated writing task) (20 минут) – қысқаша үзіндіні оқу және қысқаша дәрісті тыңдау, содан кейін оқыған және тыңдаған ақпаратқа сәйкес жауап жазу.
- Тәуелсіз жазылым тапсырмасы (independent writing task) (30 минут) – жеке тәжірибеге немесе пікірге негізделген эссе жазу.

Сіз жауаптарды компьютердің пернетақтасымен жазасыз. Жазылым бөлімін орындауға жалпы 50 минут уақыт беріледі.

### **TOEFL-ді сәтті тапсырған студенттердің кеңестері:**

- Жұмысқа кіріспес бұрын тапсырма сұрағын түсінгеніңізге көз жеткізіңіз. Тақырыптан тыс жауап бермеу үшін мұқият оқып шығыңыз. Тақырыпқа сәйкес емес эселер бағаланбайды.
- Жазылым бөліміне дайындалу үшін практикалық тесттерді орындап жатқанда, компьютердегі сөздің дұрыстығын тексеруді, яғни spell check – өшіріп қойыңыз. Ондай тексеру функциясы TOEFL пернетақтасында болмайды.
- Мұғалімнен немесе тәжірибелі достарыңыздан практикалық эселеріңізді бағалауды сұраңыз.
- Басқа тест тапсырушылардың тестті аяқтап жатқанын көрсеңіз, уайымдап, асығып кетпеңіз.

### **Стратегиялар**

#### **Жазылым стратегиясы 1. Компьютерде теру дағдыларын дамыту**

Сіз TOEFL iBT Жазылым бөлімінде эселеріңізді компьютерде теруіңіз керек. Егер сіз теру дағдысын жетілдірсеңіз, эсеңіздің мазмұнына назар аударып, тезірек жаза аласыз. Мұнда бірнеше кеңестер берілген:

1. Екі қолмен теріңіз. Егер сіз кілттерді іздеу үшін тек бір немесе екі саусағыңызды пайдалансаңыз, сіз құнды уақытты босқа өткізіп аласыз.

2. QWERTY пернетақтасымен таныс болыңыз. TOEFL орталықтары сандар астындағы сол қатардағы пернелердің атымен аталатын стандартты ағылшын пернетақтасын пайдаланады.

3. Бірнеше компьютерлерде теруді жаттықтырыңыз. Әр түрлі компьютерлерде теру тәжірибесі пайдалы, себебі сізге TOEFL орталығында бейтаныс жұмыс үстелін пайдалану ыңғайлы болады.

---

1. TOEFL Strategies and Tips with MP3 CDs: Outsmart the TOEFL iBT (Barron's Test Prep) Second Edition by Pamela J. Sharpe Ph.D., 2015, pp. 221-223

### **Жазылым стратегиясы 2. Қолдауға ең оңай болатын пікірді таңдау**

Тәуелсіз эссе сұрағын оқығанда, бірден ойыңызға келетін үш себеппен немесе мысалдармен қолдайтын пікірді таңдаңыз. Қай пікір жақсы болатынын шешуге уақыт жоғалтпаңыз. Бағалаушылар сіздің пікіріңізді қолдау қабілетіңізді бағалайды.

### **Жазылым стратегиясы 3. Қысқаша сипаттайтын сөйлемді (outline sentence) қосыңыз**

Сіз кіріспе жазған кезде тезисті ғана емес, сонымен қатар эссеңізді қысқаша сипаттайтын қосымша сөйлемді де қосуыңыз керек. Бұл сөйлемге үш негізгі ойды қосыңыз. Максималдық әсер ету үшін сіз бұл ойларды сол грамматикалық құрылымдарды қолдана отырып білдіруіңіз керек. Қысқаша сипаттайтын сөйлемді бірінші параграфтың соңына қойыңыз.

### **Жазылым стратегиясы 4. Мәліметтерді/детальдарды қолдау/расптау үшін фактілерді, мысалдар мен тәжірибені қосыңыз.**

Эсселеріңіздегі негізгі ойларды түсіндіру және кеңейту үшін сізге қолдаушы мәліметтер/детальдар қажет. Кейбір қолдаушы мәліметтер нақты дәлел болып табылады, бірақ барлық қолдаушы мәліметтер факт болуы міндетті емес. Кейбір мәліметтер мысал немесе жеке тәжірибе болуы мүмкін.

### **Жазылым стратегиясы 5. Жазбаша ағылшын тіліне сәйкес келетін ауыспалы сөздерді қолдану**

Сіз TOEFL айтылым бөліміндегі сұрақтарға жауап бергенде бейресми ауыспалы (transition) сөздерді қолдана аласыз, бірақ эссе жазған кезде ресми ауыспалы сөздерді қолданған дұрыс. Жиі қолданылатын ауыспалы сөздер төменде келтірілген. Әр ауыспалы сөздің алдында нүктелі үтір, ал одан кейін үтір қолданыңыз.

#### *Informal Formal*

but	however (алайда)
and	furthermore (бұдан басқа)
and	moreover (сонымен қатар)
still	nevertheless (соған қарамастан)
so	therefore (сондықтан)

### **Жазылым стратегиясы 6. Мазмұндағы ақпаратты хабарлау**

Оқу үзіндісі мен дәрістергі мазмұндық ақпаратты хабарлау үшін жанама мәлімдемелер (indirect statements) мен күшті етістіктерді қолданыңыз. Етістіктерді мәтін үзіндісінің авторы мен дәрісті ұсынатын спикердің күмәнді, бейтарап, анық немесе теріс көзқарасына байланысты таңдаңыз.

Doubtful Verbs (күмән келтіруге байланысты етістіктер)	Neutral Verbs (бейтараптылықты білдіретін етістіктер)	Certain Verbs (сенімділікті білдіретін етістіктер)	Negative Verbs (қарама-қарсы мағынаны білдіретін етістіктер)
allege (сену, бекіту) assume (пайымдау) believe (сену) claim (жариялау) imply (білдіру) propose (ұсыну) suggest (ұсыну) suppose (пайымдау) suspect (күдіктену) think (ойлау, санау)	describe (сипаттау) explain (түсіндіру) illustrate (сипаттау) indicate (көрсету) mention (еске алу) note (атап өту) observe (байқау) point out (көрсету) report (есеп беру) say (айту) show (көрсету) state (сену)	argue (ерегісу, дауласу) assert (бекіту, сендіру) conclude (қорытындылау) confirm (құптау, растау) contend (күресу) demonstrate (көрсету) discover (анықтау, ашу) find (табу, анықтау) maintain (қолдау) prove (дәлелдеу)	contradict the theory/idea/concept (теорияға/идеяға/тұжырымдамаға қайшы келу) challenge the theory/idea/concept (теорияға/идеяға/тұжырымдамаға күдік келтіру) deny the theory/idea/concept (теорияны/идеяны/концепцияны жоққа шығару) dispute the theory/idea/concept (теорияға/идеяға/тұжырымдамаға наразы/қарсы болу) reject the theory/idea/concept (теорияны/идеяны/тұжырымдаманы қабылдамау)

### Жазылым стратегиясы 7. Академиялық тілді қолдану

Басқа көзқарасқа мүмкіндік беретін тілді таңдаңыз. “Absolutely, certainly, definitely, and obviously” сияқты сөздерден аулақ болыңыз, себебі олар академиялық жазылым үшін өте сенімді көзқарасты білдіретін сөздер. “I am sure” немесе “I am positive” сияқты мәлімдемелер агрессивті болып көрінуі мүмкін. “Always” және “never” сөздері оқырманды ерекшелік іздеуге шақырады. Ойды жартылай алмастыруға мүмкіндік беретін тілді қолданыңыз. Академиялық жазылымға арналған сөздер мен фразалардың төрт негізгі түрі төменде келтірілген.

Verbs (Етістіктер)	Modals (Модаль- дық етістіктер)	Adverbs (Үстеу сөздер)	Adjectives (Сын есім сөздер)
assume (пайымдау) believe (сену) claim suggest (ұсыну) tend (бейім болу) think (ойлау) it appears that (солай белгілі болады) it seems that (сол сияқты)	can (істей алу) could (ө.ш. істей алды) may (қолдан келу) might (ө.ш. қолдан келді) would (ниет, тілекті білдіру мағынасында қолданады)	apparently basically (негізінде) essentially (шын мәнінде) generally (жалпы) mainly (бастысы) primarily (бірінші кезекте) probably (мүмкін) usually (әдетте) as a rule (ереже бойынша) all things considered (барлығы қарастырылған) for the most part (көбінше) in general (жалпы) on the whole (жалпы) perhaps (мүмкін) somewhat (қайсыбір дәрежеде)	feasible (қол жетімді) likely (ықтимал) plausible (шындыққа ұқсас) possible (ықтимал) probable (ықтимал)

### Жазылым стратегиясы 8. Тәуелсіз эссе үшін бірыңғай үлгіні қолдану

Тәуелсіз эссеңізді дәстүрлі ұйымдастыру үлгісін қолдана отырып жоспарлаңыз.

1 - параграф: Тезис мәлімдемесі көрсетілетін кіріспе. Үш идеяны/пікірді эсседе қысқаша сипаттайтын сөйлем (outline sentence).

2 - параграф: 1 - идея

3 - параграф: 2 - идея

4 - параграф: 3 - идея.

5 - параграф: Қорытынды

Ағылшын тіліндегі қысқа эссе «бес параграфтан тұратын эссе» деп аталатынын осыдан түсінуге болады. Осы жоспарға сүйене отырып, сіз өз эссеңізді бағалаушылар күтетін тәртіпте дамыта аласыз, және сіздің эссенің ұйымдастырылуы үшін жоғарырақ ұпай алуыңыз ықтимал болады.

### Жазылым стратегиясы 9. Қорытындыны хабарлау

Сіздің қорытындыңыз баға берушіге соңғы әсер қалдырады және сіздің эссеңізге қойылатын 4 пен 5 ұпайлар арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Сіз қорытындыны өз эссеңізді қорытындылау немесе барлық айтылған ойларды біріктіру үшін қолдана аласыз. Оқырманға эссені аяқтағаныңызды білдіру үшін төменде келтірілген сөздер мен фразаларды таңдаңыз.

To conclude,  
To recap,  
To recapitulate,  
To reiterate,  
To summarize,  
To sum up,  
In conclusion,  
In short,  
In summary,  
In closing,

***Жазылым стратегиясы 10. Сәтті аяқтау үшін психикалық және физикалық тұрғыда дайындау***

TOEFL – бұл ұзақ тест және Жазылым бөлімі соңында, сіз шаршап қалуыңыз да мүмкін. Күшті аяқтау үшін сізге марафоншы сияқты психикалық және физикалық дайындық қажет болады. Ақыл-ойды жаттықтыру үшін мақсатыңызды елестетіңіз. Жазылым бөлімінің экраны пайда болған кезде, сіз өзіңіз таңдаған ЖОО-на қабылдау туралы хат немесе стипендия немесе дәреже алғаныңызды көргендей болыңыз. Терең тыныс алыңыз және мәреге жетуге өзіңізді қаттырақ жетелеуге дайын болыңыз. Физикалық тұрғыда дайындалу үшін тоқтаусыз толық практикалық тесттерден өтіңіз. Сіз үйренген барлық стратегияларды қолданып, соңғы сұрақты аяқтағанша жалғастыра беріңіз. Сіздің дайындықтарыңыз ресми TOEFL-ге қатысқан кезде өз жемісін береді және сіз жеңіске жететіңізге сенімді болыңыз.



**IELTS, TOEFL  
тесттеріне дайындалуға арналған пайдалы кеңестер**

**Жоба жетекшісі:**

Құрманбай Г., Назарбаев Университетінің профессоры, Рухани жаңғыру мәдени орталығының директоры

**Жоба үйлестірушісі:**

Каламбаева Г., Назарбаев Университетінің Рухани жаңғыру мәдени орталығының аға менеджері.

